



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЖАС КЕЛСЕ ІСКЕ



Сот билігінің абыройын көпшілік сол жүйедегі судьяларға қарап екшеп, салмақтайды. Бұл ретте, сауатты маман сала жүгін көтеріп, мамандықтың беделін асқақтатады. Бүгінгідей құқықтық сауатты қоғамда бұл жауапкершіліктің еселенгені тіпті айқын. Жақында ҚР Президентінің кезекті Жарлығымен облыстық деңгейдегі соттардың төрағалары тағайындалды. Басшылық қызметке келген білікті, тәжірибелі, білімді, бәсекеге қабілетті төрағалар жайлы ҚР Судьялар одағының төрағасы Досжан Әмір өзінің жүрекжарды сараптамасын ұсынды. Кіріспеміздің жалғасы төрағаның сөзімен сабақталады.

(Жалғасы 3-бетте)



ПАЙЫМ

БАСШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ
ЕР АЗАМАТТАР ҒАНА ЛАЙЫҚ
ДЕГЕН ТҮСІНІК ҚАТЕ

Қазіргі әлемде мемлекеттердің даму деңгейі табиғи байлығымен немесе экономикалық өлеу-өтімен ғана емес, ең алдымен адам құқықтарына деген құрметімен бағаланады. Өркениетті қоғамның басты өлшемінің бірі – азаматтардың заң алдындағы теңдігі мен олардың өз мүмкіндігін толық жүзеге асыруына жа-салған жағдай. Осы тұрғыдан алғанда гендерлік теңдік – уақыт талабынан туған ұғым ғана емес, демократиялық мемлекеттің берік іргетасы.

Кейде гендерлік теңдік ұғымын тек әйелдердің құқығын қорғаумен байланыстырып жатады. Шын мәнінде, оның мәні әлдеқайда терең. Бұл – ер мен әйелдің қоғам өмірінің барлық саласында тең мүмкіндікке ие болуы, қабілеті мен еңбегінің жынысына қарай емес, кәсібилігіне, біліміне және іскерлігіне қарай бағалануы. Теңдік дегеніміз бірінің екіншісінен үстем болуы емес, қоғамның әрбір мүшесіне өз әлеуетін толық ашуға мүмкіндік беру.

Біріккен Ұлттар Ұйымы гендерлік теңдікті орнықты дамудың негізгі мақсаттарының бірі ретінде белгілегені кездейсоқ емес. Өйткені, әйелдердің біліміне, денсаулығына, еңбекке араласуына және басқару ісіне қатысуына жағдай жасалған елдерде экономикалық өсім де жоғары, әлеуметтік тұрақтылық та берік болады. Демек, гендерлік саясат – тек әлеуметтік мәселе емес, елдің ұзақ мерзімді дамуына ықпал ететін стратегиялық бағыт.

Қазақстан гендерлік саясатты кезек-кезеңімен жетілдіріп келеді.

2009 жылы қабылданған «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтары мен тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы» заң осы бағыттағы маңызды құқықтық құжаттың бірі болды. Аталған заң азаматтардың мемлекеттік қызметке орналасуынан бастап еңбек қатынастарына, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және отбасы институтына дейінгі барлық салада тең құқықтарды қамтамасыз етуге бағытталды.

Кейін бұл бағыттағы жұмыстар жаңа деңгейге көтерілді. 2016 жылы бекітілген «2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы» Қазақстандағы гендерлік саясаттың ұзақ мерзімді басымдықтарын айқындады. Құжаттың басты мақсаты – жынысына қарамастан барлық азаматтың экономикалық, әлеуметтік, мәдени және саяси құқықтарын толық пайдалануына жағдай жасау, гендерлік кемсітушілікті жою және қоғамдағы ескірген көзқарастардан арылу. Бұл құндылықтар еліміздің демократиялық даму бағытымен толық үндеседі.

Қазақ қоғамында әйелдің орны ерекше. Ұлт тарихына көз жүгіртсек, ел тағдырына араласқан аналардың, ақылымен көш бастаған даналардың, батырлығымен жұртты қорғаған арулардың аз болмағанын көреміз. Домалақ ана, Айғаным, Бопай ханым, Әлия мен Мәншүк сияқты тарихи тұлғалардың өмірі қазақ әйелінің қайсарлығы мен парасатының жарқын көрінісі. Сондықтан әйелдің қоғамдағы белсенділігі ұлттық құндылықтарға қайшы келеді деу – тарихи шындыққа жанаспайды.

– ҚР Судьялар одағының атынан ҚР Президентінің кезекті Жарлығына сәйкес облыстық деңгейдегі соттардың төрағалары қызметіне тағайындалған Сматов Исатай Маратұлын, Ахметов Әлібек Молдабекұлын, Бекназаров Нариман Бектасұлын, Құлекеев Ғалым Батырбекұлын және Қасымов Төленті Тілеужанұлын құттықтаймыз!

Бұл жоғары әрі жауапты қызметке тағайындалуларыңыз – көпжылдық қажырлы еңбектеріңіздің, кәсіби біліктіліктеріңіз бен заң үстемдігін қамтамасыз ету жолындағы адал қызметтеріңіздің лайықты бағалануының айқын көрінісі. Мемлекет басшысының Сіздерге білдірген сенімі – сот төрелігін жүзеге асырудағы тәжірибелеріңізге, парасат-пайымдарыңызға және көшбасшылық қасиеттеріңізге берілген жоғары баға екені сөзсіз.

(Жалғасы 2-бетте)



СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін құқықтық мемлекет құру жолында ауқымды реформаларды жүзеге асырды. Сол өзгерістердің бел ортасында жүрген, сот жүйесінің қалыптасуына елеулі үлес қосқан тұлғалардың бірі – Бағлан Мақұлбеков. Қырық жылға жуық уақытын сот төрелігіне арнаған заңгер Талдықорған облыстық сотынан бастап, Шығыс Қазақстан, Қостанай облыстық соттарын басқарды. Кейін Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы ретінде елдегі маңызды құқықтық реформалардың жүзеге асуына атсалысты. Ұзақ жылдар бойы жас судьялар мен заңгерлерді тәрбиелеуге үлес қосты. Біз Бағлан Демесінұлымен 70 жасқа толған мерейтойы алдында сұхбаттасқан едік

Бағлан Мақұлбеков,
Жоғарғы Соттың доғарыстағы судьясы:

«СУДЬЯНЫҢ МІНДЕТІ –
КӨҢІЛДЕН ШЫҒУ ЕМЕС,
ЗАҢДЫ ДҰРЫС ҚОЛДАНУ»

– Бағлан Демесінұлы, Сіздің еңбек жолыңыз аймақтан басталып, еліміздің ең жоғары сот сатыларына дейін жалғасты. Өткен өміріңізге көз жүгірткенде ең алдымен нені еске аласыз?

– Ең алдымен туған ауылым – Жержанның атанған Жетісудың жеті өзенінің бірі Көксу аймағы, сонда орналасқан Ақтекше ауылының Сарыой бөлімшесін еске аламын. Мен осы жерде табиғатпен етене араласып, еңбекпен есейген ұрпақтың өкілімін. Өмірімнің қандай белесіне көтерілсем де, бойымдағы қарапайымдылық пен еңбекқорлықтың бастауы осы ауылымнан тамыр тартып жатыр.

Әкем тарих пәнінің мұғалімі болды. Ол жеңіл жол іздеу жақсылыққа апармайтынын санамызға құйып өсірді. Адал еңбек етуді, білімге ұмтылуды, жауапкершілікті бірінші орынға қоюды

талап етті. Анам да осы ұстанымдарды бойымызға сіңірді. «Әкелерің мұғалім. Сондықтан сендердің әр қадамдарына жұрт сынап қарайды», – дегенді жиі айтатын. Осы сөз үнемі жадымызда тұрды.

Мен білім алған алпысыншы-жетпісінші жылдардағы қазақ мектебі бүгінгі ұрпақ үшін үлгі болатын жүйе еді деп ойлаймын. Ұстаздардың білім деңгейі жоғары болды, сондықтан бізге қойған талаптары да қатал еді. Соның арқасында біз тек пәнді терең меңгеріп қойған жоқпыз, өмірдің өзіне дайындалдық. Қазір қоғам өзгерді, заман ағымы жаңа бағытқа бет түзеді. Бірақ қандай кезең болмасын, жақсы мектептің негізі өзгермейді. Ол – білім, тәртіп және ұстаздың беделі. Осы үш құндылықтың ұмытылуы қоғамның дамуына кері әсер етеді.

(Жалғасы 5-бетте)

3-БЕТ




Адам өмірінен
қымбат ештеңе жоқ

6-БЕТ



«Ясауи керуені» –
ізгілік жаршысы

8-БЕТ



Соңғы қоңырау

ПАЙЫМ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бүгінде қазақстандық әйелдер мемлекет өмірінің барлық саласында жемісті еңбек етіп келеді. Ханымдар отбасының ұйытқысы болып, ұрпақ тәрбиесі мен ұлттық құндылықтарды дәріптеуде. Осы екі жауапкершілікті қатар алып жүру – үлкен қажыр мен төзімді талап етеді. Сондықтан қоғам әйел еңбегін бағалап қоймай, оның кәсіби және отбасылық міндеттерін үйлестіруге қолайлы жағдай жасауға ұмтылуы тиіс.

Соңғы жылдары Қазақстанда әйелдердің саяси белсенділігі айтарлықтай артты. Парламент пен жергілікті мәслихаттарда әйелдерге арналған квоталардың енгізілуі олардың шешім қабылдау деңгейіндегі үлесін көбейтті. Мемлекеттік қызметкерлердің жартысынан астамын әйелдер құрайды. Басшылық қызметтердегі және сот жүйесіндегі әйелдердің саны да жылдан-жылға өсуде. Яғни, қоғамның әйелдердің басқарушылық қабілетіне деген сенімі нығайып келе жатыр.

Экономикалық салада да оң өзгеріс байқалады. Әйелдер кәсіпкерлігі ел экономикасының маңызды бөлігіне айналды. Мыңдаған кәсіпкер әйел жаңа жұмыс орнын ашып, инновациялық жобаларды жүзеге асырып, өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосуда. Қазіргі таңда шағын және орта бизнес субъектілерінің шамамен жартысын әйелдер басқарады.

Дегенмен гендерлік теңдікке қол жеткізу жолындағы ең күрделі мәсе-

ленің бірі – тұрмыстық зорлық-зомбылық. Әлемдік статистика бұл мәселенің ешбір елді айналып өтпейтінін дәлелдейді. Зорлық-зомбылық тек бір адамның тағдырын ғана емес, тұтас қоғамның болашағын әлсіретеді. Отбасындағы қорқыныш пен қатыгездік ортада өскен баланың болашақта толыққанды тұлға болып қалыптасуы қиын. Сондықтан бұл мәселеге құқықтық, тәрбиелік және мәдени құндылықтар тұрғысынан да қарау қажет.

Тендерлік саясаттың табысты болуы тек заңдарға ғана емес, қоғамның көзқарасына байланысты. Өкінішке қарай, әлі күнге дейін тұрмыстық міндет тек әйелге жүктелуі керек немесе басшылық қызмет ер адамдарға көбірек лайық, деген ескі түсініктер кездесеңі. Мұндай стереотиптер қоғамның дамуын тежейді. Себебі таланттың, қабілеттің, немесе көшбасшылық қасиеттің, жынысы болмайды. Әрбір адамға тең мүмкіндік берілген кезде ғана мемлекет өзінің, адами капиталын толық пайдалана алады

Қазақстан бұл бағытта соңғы жылдары батыл шешімдер қабылдады. 2024 жылы Мемлекет басшысы әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғауды күшейтетін заңға қол қойды. Қоғам арасында «Салтанат заңы» деген атаумен кеңінен танылған бұл құжат тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрестің жаңа кезеңін бастады. Заң аясында

құқық қорғау органдарының жауапкершілігі күшейтіліп, әрбір арыздың міндетті түрде тіркелуі қамтамасыз етілді. Әлеуметтік желілерде немесе бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған зорлық-зомбылық белгілері де назардан тыс қалмайтын болды.

Гендерлік саясаттың табысты болуы тек заңдарға ғана емес, қоғамның көзқарасына байланысты. Өкінішке қарай, әлі күнге дейін тұрмыстық міндет тек әйелге жүктелуі керек немесе басшылық қызмет ер адамдарға

көбірек лайық деген ескі түсініктер кездеседі. Мұндай стереотиптер қоғамның дамуын тежейді. Себебі таланттың, қабілеттің немесе көшбасшылық қасиеттің жынысы болмайды. Әрбір адамға тең мүмкіндік берілген кезде ғана мемлекет өзінің адами капиталын толық пайдалана алады. Гендерлік теңдік отбасының әлсіреуіне



емес, керісінше оның нығаюына қызмет етеді. Ерлі-зайыптылардың өзара сыйластығы, ортақ жауапкершілігі, бала тәрбиесіне тең дәрежеде қатысуы – берік отбасының басты тірегі. Мұндай отбасында өскен ұрпақ та әділдік пен құрметті өмірлік қағида ретінде қабылдайды. Сондықтан гендерлік мәдениет ең алдымен отбасында қалыптасады.

Бүгінгі Қазақстан – әйелдердің мүмкіндігін кеңейтіп, олардың қоғамдағы орнын нығайтуға бағытталған жүйелі саясат жүргізіп отырған мемлекет. Бұл бағыттағы реформалар елдің халықаралық беделін арттырып қана қоймай, экономиканың дамуына, әлеуметтік тұрақтылықтың сақталуына және азаматтық

маттық қоғамның нығаюына ықпал етеді.

Гендерлік теңдік – сәнге айналған ұран емес, заманауи қоғамның өмір сүру қағидасы. Әділеттілік үстемдік құрған, әр адамның еңбегі бағаланатын, әйел мен ер азамат бірін-бірі толықтырып, ортақ мақсатқа жұмылатын қоғам ғана шынайы өркеніетке қол жеткізе алады. Қазақстанның болашағы да дәл осындай өзара құрметке, тең мүмкіндікке және адам қадірін жоғары қоятын қоғамдық санаға негізделген кезде ғана жарқын болмақ.

Парида БАЙНАЗАРОВА,
Маңғыстау облысы
Қарақия аудандық сотының
судьясы

ӨНЕГЕ

СОТ БИЛІГІНІҢ САРДАРЫ

Биыл отставкадағы судья, запастағы әділет генерал-майоры, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының бұрынғы судьясы, Қазақстан Республикасы Әскери сотының бұрынғы төрағасы, «Құрмет» орденінің иегері Саңғатжан Досымұлы Тасмағамбетов мерейлі 80 жасқа толып отыр. Бұл – заң үстемдігін қамтамасыз етуге, тәуелсіз Қазақстанның сот жүйесін қалыптастыруға және әділ сот төрелігін дамытуға арналған саналы ғұмырдың айтулы белесі.

Саңғатжан Досымұлы 1946 жылғы 8 тамызда Ақтөбе облысының Ембі қаласында дүниеге келген. Еңбек жолын қарапайым жұмысшы болып бастап, кейін С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетін тәмамдап, бүкіл өмірін құқық қорғау және сот қызметіне арнады.

Оның кәсіби жолы – үздіксіз ізденіс пен жоғары жауапкершіліктің жарқын үлгісі. Әр жылдары әскери трибунал жүйесінде қызмет атқарып, Солтүстік Осетия, Волгоград, Тында, Будапешт және Ташкент гарнизондарының әскери трибуналдарында жауапты лауазымдарды абыроймен атқарды. Осы кезеңдерде заңды бұлжытпай орындауы, әділдігі, ұйымдастырушылық қабілеті мен кәсіби біліктілігі әріптестері арасында жоғары бағаланды.

Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін Саңғатжан Досымұлы егемен еліміздің ұлттық сот жүйесін қалыптастыру ісіне белсене атсалысты. Ол Қазақстан

сіңірді. Ол әрбір істі қарау барысында заң талаптарын ғана емес, адам тағдырын, әділеттілік қағидатын және қоғам мүддесін басты назарда ұстанды.

Әріптестері оны кәсіби біліктілігі жоғары, талапшыл әрі әділ басшы ретінде бағалайды. Жас судьялар мен заңгерлер үшін Саңғатжан Досымұлы әрдайым тәлімгер болып, мол тәжірибесімен бөлісіп, олардың кәсіби қалыптасуына ерекше көңіл бөлді. Оның өмірлік ұстанымы – адал қызмет, әділ шешім және мемлекет мүддесіне қалтқысыз еңбек ету.

Мемлекет оның еңбегін жоғары бағалады. Саңғатжан Досымұлы «Қазақстан Конституциясына 10 жыл» мерейтойлық медалімен және «Құрмет» орденімен марапатталды. Сонымен қатар ол запастағы әділет генерал-майоры атағына ие болды. Бұл марапаттар – оның заң саласындағы адал еңбегінің және мемлекет алдындағы зор қызметінің айқын көрінісі.



80 жас – адамның өмір жолындағы маңызды белес. Бұл – артта қалған жылдарға есеп беру ғана емес, елге сіңірген еңбектің жемісін көретін, кейінгі ұрпаққа тағылым болатын кезең. Саңғатжан Досымұлының өмір жолы – заңға адалдықтың, мемлекетке қызмет етудің, кәсіби шеберлік пен адамгершіліктің үлгісі.

Қазақ халқы «Әділ бидің елін дау араламайды» дейді. Осы ұстанымды өмірлік қағидасына айналдырған Саңғатжан Досымұлы өзінің бүкіл саналы ғұмырын әділетке қызмет етуге арнады. Оның қабылдаған шешімдері мен қалыптастырған құқықтық тәжірибесі еліміздің сот жүйесінің дамуына өзіндік із қалдырды.

Қадірменді Саңғатжан Досымұлы! Сізді 80 жасқа толған

мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыңызға амандық, бақ-береке, ұрпақтарыңыздың қызығын көріп, мерейіңіз арта беруін тілейміз. Еліміздің құқықтық мемлекет ретінде қалыптасуына қосқан өлшеусіз үлесіңіз, әділдік пен заң үстемдігі жолындағы қажырлы еңбегіңіз әрдайым жоғары бағаланып, кейінгі буын заңгерлер мен судьяларға үлгі болып қала берсін. Мерейіңіз үстем, абыройыңыз асқақ, ғұмырыңыз ұзақ болғай!

Қазақстан Республикасы
Әскери сотының ұжымы

КНЕ

Тәуелсіз Қазақстанның ең басты құндылығының бірі – мемлекеттік тілі. Қазақ тілі – халқымыздың тарихи жадын, ұлттық дүниетанымын, мәдениеті мен рухани болмысын ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін қасиетті мұра. Мемлекеттік тілдің қоғам өмірінің барлық саласында кеңінен қолданылуы – тәуелсіздіктің баянды болуының, ел бірлігінің нығаюының және құқықтық мемлекеттің қалыптасуының маңызды алғышарты.

Тіл – ұлттың жаны, мемлекеттің тұғыры

Конституцияда қазақ тіліне мемлекеттік тіл мәртебесі берілген. Бұл – тек құқықтық норма ғана емес, елдің стратегиялық даму бағытын айқындайтын маңызды қағида. Мемлекеттік тілдің беделі мемлекеттік органдардың күнделікті жұмысында, халыққа көрсетілетін қызметтің сапасында және заң үстемдігін қамтамасыз ететін институттардың қызметінде нақты көрініс табуы тиіс. Қазіргі таңда мемлекеттік қызмет жүйесі қоғам мен мемлекет арасындағы байланысты нығайтатын маңызды институт болып табылады. Мемлекеттік қызметші – мемлекет саясатын жүзеге асырушы ғана емес, заң талаптарын сақтаудың, азаматтардың құқығы мен заңды мүддесін қорғаудың үлгісі. Сондықтан мемлекеттік қызметшінің мемлекеттік тілді жетік меңгеруі, ресми құжаттарды сауатты дайындауы және азаматтармен мемлекеттік тілде еркін қарым-қатынас жасауы кәсіби міндеттің ажырамас бөлігіне айналады.

«Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңда мемлекеттік тілдің мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі екендігі нақты белгіленген. Сонымен бірге сот ісін жүргізу туралы заңнамада азаматтардың мемлекеттік тілде сотқа жүгінуіне, өз құқығын қорғауына және қажетті жағдайда аудармашының көмегін пайдалануына кепілдік берілген. Бұл – құқық үстемдігі қағидаттарының нақты көрінісі. Мемлекеттік тілде сот ісін жүргізу азаматтардың сотқа деген сенімін арттыруға ықпал етеді. Азамат өзіне қатысты сот актілерінің мазмұнын толық түсініп, құқығы мен міндетін нақты ұғынған кезде сот төрелігінің әділдігіне деген сенім қалыптасады. Сондықтан сот құжаттарының мазмұндық сапасымен қатар, олардың тілдік сауаттылығы мен терминологиясының дәлдігі де ерекше маңызға ие.

Сонымен қатар сот жүйесінде мемлекеттік қызметшілердің кәсіби тілдік құзыреттілігін арттыру мәселесіне де ерекше назар аударылууда. Түрлі оқыту семинарлары, тілдік курстар, құқықтық терминологияны біріздендіруге арналған әдістемелік жұмыстар тұрақты түрде ұйымдастырылып келеді. Бұл шаралардың барлығы мемлекеттік тілдің ресми-құқықтық стильдегі қолданылу мәдениетін қалыптастыруға бағытталған.

Дегенмен, мемлекеттік тілдің мемлекеттік қызметтегі орны тек заң талабын орындаумен шектелмеуі тиіс. Бұл – әрбір мемлекеттік қызметшінің ішкі мәдениетінің,

азаматтық ұстанымының және кәсіби жауапкершілігінің көрсеткіші. Мемлекеттік тілде сауатты сөйлей білу, ресми құжаттарды әдеби тіл нормаларына сәйкес рәсімдеу, құқықтық терминдерді орынды қолдану – бүгінгі мемлекеттік қызметшінің кәсіби бейнесінің ажырамас бөлігі.

Мемлекеттік тілдің құқықтық саладағы қолданылуы тек аударма жасаумен немесе құжаттарды қазақша рәсімдеумен ғана өлшенбейді. Ең бастысы – құқықтық ойлау жүйесінің мемлекеттік тілде қалыптасуы. Құқықтық терминдердің бірізді қолданылуы, заң мәтіндерінің тілдік сапасының жоғары болуы және құқықтық құжаттардың мазмұны мен тілінің үйлесімділігі құқық қолдану тәжірибесінің тиімділігін арттырады. Сонымен бірге мемлекеттік тілдің дамуы әрбір мемлекеттік қызметшінің жеке жауапкершілігіне де байланысты. Қазақ тілін құрметтеу – заң талабын орындау ғана емес, ұлттық құндылықтарды қадірлеу, мемлекетке деген адал қызметтің белгісі. Әрбір қызметкер мемлекеттік тілді жетілдіруге ұмтылып, кәсіби сөздік қорын байытып, ресми іс қағаздарын сауатты жүргізуге ерекше көңіл бөлген жағдайда ғана мемлекеттік тілдің беделі арта түседі.

Тіл – ұлттың жаны, мемлекеттің тұғыры. Ал мемлекеттік қызмет – халыққа қызмет етудің ең жоғары үлгісі. Осы екі ұғымның сабақтастығы қоғамның тұрақты дамуы мен елдің өркендеуіне негіз болады. Сондықтан мемлекеттік қызметтегі барлық саласында, әсіресе сот жүйесінде қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейту, оның сапасын арттыру және құқықтық терминологияны жетілдіру бағытындағы жұмыс үздіксіз жалғаса беруі тиіс.

Мемлекеттік тілдің мемлекеттік қызметтегі орны – тәуелсіз Қазақстанның құқықтық және демократиялық даму жолындағы маңызды көрсеткіштің бірі. Мемлекеттік тілдің мерейі үстем болған жерде заңның да беделі жоғары, азаматтардың құқықтары сенімді қорғалады, қоғамдағы әділдік пен келісім нығая түседі. Сондықтан мемлекеттік тілді дамыту – ел болашағына бағытталған ортақ міндет әрі әрбір мемлекеттік қызметшінің абыройлы борышы.

Айгерім МӘЛІКОВА,
Атырау қаласы әкімшілік
құқық бұзушылықтар жөніндегі
маамандандырылған соты әкімшісінің
бас маманы – сот мәжілісінің хатшысы

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сіздер жаңа қызметтеріңізде сот-тардың тиімді жұмысын ұйымдастырып, судьялардың тәуелсіздігі мен кәсіби қызметіне қолайлы жағдай қалыптастыру, сот төрелігінің сапасын арттыру, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін сенімді қорғау бағытындағы жауапты міндеттерді абыроймен атқарып, еліміздің сот жүйесінің одан әрі нығаюына елеулі үлес қосады деп сенеміз.



Сонымен қатар, ҚР Президентінің Жарлығымен судья лауазымына алғаш рет және қайта тағайындалған әріптестерімізді шын жүректен құттықтаймыз! Сіздерге жүктелген жоғары сенім – кәсіби біліктіліктеріңіз бен заңға адал қызмет ету қағидаттарының лайықты бағалануының айқын көрінісі. Сіздер азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, заң үстемдігін қамтамасыз ету және қоғамдағы әділдік қағидаттарын берік орнықтыру жолындағы аса жауапты әрі мәртебелі міндетті абыроймен атқаруға қадам басып отырсыздар.



Әрбір судья – сот билігінің абыройын айқындайтын тұлға. Сондықтан Сіздер аға буын қалыптастырған тағылымды дәстүрді жалғастырып, олардың мол тәжірибесін заман талабына сай жаңашылдықпен ұштастыра отырып, әділ сот төрелігін жүзеге асыруға, заңның үстемдігін нығайтуға және азаматтардың сотқа деген сенімін арттыруға өз үлестеріңізді қосады деп үміт артамыз. Бұл бағыттағы қажырлы еңбектеріңіз құқықтық мемлекеттің орнығуына, қоғамдық тұрақтылықтың



нығаюына және әділдік қағидаттарының салтанат құруына қызмет ететіні сөзсіз.

Судья – әділдіктің жаршысы, заң мен құқықтық тәртіптің берік кепілі. Әрбір қабылданатын сот актісі азаматтардың тағдырына, қоғамдағы құқықтық мәдениетке және мемлекетке деген сенімге тікелей ықпал етеді. Сондықтан кәсіби біліктілік, әділдік, тәуелсіздік, адалдық, парасаттылық пен жоғары жауапкершілік судья қызметінің басты ұстанымдары болып қала береді. Осы асыл қасиеттер Сіздердің қызметтеріңізден әрдайым

көрініс тауып, сот төрелігінің сапасын жаңа деңгейге көтеретініне еш күмәніміз жоқ.

Бүгінде еліміздің сот жүйесі қарқынды жаңғыру кезеңін бастан өткеруде. Әділ сот төрелігінің халықаралық стандарттарын орнықтыру, сот қызметінің ашықтығы мен тиімділігін арттыру, сот билігінің беделін нығайту және азаматтардың сотқа деген сенімін күшейту – баршамыздың ортақ мақсатымыз. Осы игі міндеттерді жүзеге



асыруда Сіздердің кәсіби білімдеріңіз, өмірлік тәжірибелеріңіз бен адал қызметтеріңіз еліміздің құқықтық мемлекет ретінде одан әрі дамуына қомақты үлес қосады деп сенім білдіреміз.

Қазақстан Республикасының Судьялар одағы сіздердің кәсіби қызметтеріңізде әрдайым сенімді әріптес әрі қолдаушы болуға дайын. Алдағы уақытта да әділдік пен заң үстемдігін қамтамасыз ету жолында қажырлы еңбек етіп, сот билігінің абыройын арттыруға және мемлекетіміздің игілігі жолында адал қызмет ете берулеріңізге тілектеспіз.



мет еткен әріптестеріміз – Қарағанды облыстық сотының төрағасы Әріпов Ерден Рауанұлын және Шығыс Қазақстан облыстық сотының төрағасы Көміршінов Манат Ғалымұлын Мемлекет басшысының Жарлығымен құрметті отставкаға шығуларымен құттықтаймыз! Сіздердің кәсіби өмір жолдарыңыз – жоғары жауапкершіліктің, адал қызметтің, әділдікке деген берік ұстанымның және сот қызметіне деген шынайы жанашырлықтың жарқын үлгісі. Ұзақ жылдар бойы сот төрелігін жүзеге асыру барысында Сіздер заң үстемдігін берік сақтап, азамат-

тардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сот билігінің беделі мен тәуелсіздігін нығайтуға, жас судьялардың кәсіби қалыптасуына өлшеусіз үлес қостыңыздар.

Қабылдаған әрбір шешімдеріңіз бен ұстанған қағидаттарыңыз заңға деген құрметтің, кәсіби адалдықтың және азамат алдындағы жауапкершіліктің айқын көрінісі болды.

Сіздердің есімдеріңіз Қазақстанның судьялар қауымдастығы тарихында кәсібиліктің, парасаттылықтың, әділдіктің және адамгершіліктің жарқын үлгісі ретінде әрдайым ерекше құрметпен аталатын болады. Құрметті отставка – ұзақ жылғы мінсіз қызметтің заңды қорытындысы әрі мемлекет тарапынан көрсетілген жоғары сенім мен құрметтің белгісі.

ҚР Судьялар одағы сіздерге сот жүйесінің дамуына, заң үстемдігін нығайтуға және әділ сот төрелігін қамтамасыз етуге қосқан өлшеусіз үлестеріңіз үшін шынайы ризашылығын білдіреді.

Сіздерге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыларыңызға бақ-береке, сарқылмас күш-қуат, рухани байлық пен баянды бақыт тілеймін. Алдағы өмір жолдарыңыз мазмұнды кездесулерге, игі бастамаларға, ұрпақ тәрбиесіне қосар өнегелі үлестеріңізге және жаңа жетістіктерге толы болсын.

Сіздердің өмірлік және кәсіби ұстанымдарыңыз, әділдікке адал қызмет еткен өнегелі жолдарыңыз Қазақстанның судьялар қауымының жас буыны үшін әрдайым үлгі болып қала береді.

Досжан ӘМІР,
ҚР Судьялар одағының төрағасы

ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ

АДАМ ӨМІРІНЕН ҚЫМБАТ ЕШТЕҢЕ ЖОҚ

Ел экономикасының қарқынды дамуы ең алдымен еңбек адамының қауіпсіздігіне байланысты. Қаншалықты жаңа технология енгізіліп, өндіріс көлемі артқанымен, адам өмірі мен денсаулығы қорғалмаса, ешбір жетістік толыққанды нәтиже ретінде бааланбайды. Сондықтан еңбек қауіпсіздігі – тек еңбек қатынастарының емес, мемлекеттің әлеуметтік саясатының маңызды бағыты.

Қазақстанда бұл мәселеге соңғы жылдары ерекше назар аударылып келеді. Заңнамалық база жетілдіріліп, еңбек қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау күшейтілуде, өндірістегі жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру жүйесі кеңейіп келеді. Бүгінде елімізде 4 миллионға жуық жұмыскер міндетті сақтандырумен қамтылған. Бұл – жұмыскердің құқықтарын қорғауға бағытталған маңызды әлеуметтік тетіктердің бірі. Дегенмен, өндірістегі қауіп-қатер толық жойылды деуге әлі ерте.

2025 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанда өндірісте 2 328 жазатайым оқиға тіркелді. Бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда төмен болғанымен, жыл сайын мыңдаған азаматтың жарақат алуы, жүздеген адамның қаза табуы еңбек қауіпсіздігін одан әрі жетілдіру қажеттігін көрсетеді. Жарақаттанудың басым бөлігі өңдеу өнеркәсібінде, тау-кен өндірісінде, металлургияда, құрылыс саласында тіркеледі. Бұл салаларда ауыр техника, жоғары қысым, биіктікте жұмыс істеу, жарылыс қаупі, химиялық заттар сияқты өндірістік тәуекелдер жоғары болғандықтан, қауіпсіздік талаптары да барынша қатаң сақталуы тиіс.

Жазатайым оқиғаларды зерттеу олардың басым бөлігі адам фактор мен ұйымдастырудағы кемшіліктерден туындайтынын көрсетеді. Атап айтқанда, жұмысты дұрыс ұйымдастырмау, техникалық қа-

уіпсіздіктің сақталмауы, еңбек қауіпсіздігі бойынша оқытудың жеткіліксіздігі, өндірістік бақылаудың әлсіздігі, жабдықтардың тозуы, қызметкерлердің қауіпсіздік талаптарына салғырт қарауы себеп болуда. Бұл факторлар жағдайдың техникалық мәселеден гөрі басқару мәдениеті мен корпоративтік жауапкершілікке қатысты екенін аңғартады.

Жалпы соңғы жылдары елімізде еңбек қауіпсіздігі саласында маңызды реформалар жүзеге асырылды. Мәселен, 2020 жылға дейінгі Қауіпсіз еңбек тұжырымдамасы қабылданып, еңбек тәуекелдерін алдын ала бағалау, цифрлық мониторингті енгізу, профилактикалық бақылауды күшейту бағытындағы жұмыстар басталды. Бірқатар кәсіпорын халықаралық Vision Zero («Нөлдік жарақаттану») қағидатына қосылып, өндірісте қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға ден қойды. Сонымен қатар еңбек қауіпсіздігі менеджменті жүйелері енгізіліп, өндірістерде тәуекелдерді бағалау тәжірибесі кеңейіп келеді. Зиянды еңбек жағдайында жұмыс істейтін азаматтарды әлеуметтік қорғау шаралары күшейтіліп, міндетті сақтандыру жүйесі жетілдірілуде. Мұның барлығы жазатайым оқиғалардың алдын алуға бағытталған маңызды қадамдар.

Өндірістегі жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру жүйесі еңбек адамының әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етеді. Жазатайым оқиға салдарынан жұмыскер еңбекке жарамдылығынан айырылса немесе қаза тапса, сақтандыру төлемдері оның өзіне немесе отбасы мүшелеріне қаржылық қолдау көрсетеді. Бұл жүйе жұмыс берушінің жауапкершілігін де күшейтеді. Өйткені, еңбек қауіпсіздігі талаптарын сақтау тек заң талабы ғана емес, кәсіпорынның әлеуметтік жауапкершілігінің маңызды өлшеміне айналып келеді.

Дамыған елдердің тәжірибесі еңбек қауіпсіздігіне жұмсалған инвестицияның экономикалық тиімді екенін дәлелдейді. Германия, Финляндия, Жапония сияқты мемлекеттерде өндірістік тәуекелдерді алдын ала бағалау, қызметкерлерді тұрақты оқыту және қауіпсіздік талаптарының сақталуын цифрлық

бақылау жақсы жолға қойылған. Сарапшылардың айтуынша, Қазақстан да осы бағытта цифрландыруды енгізіп, өндірістік қауіп-қатерді ерте анықтайтын жүйелерді дамытуға басымдық беріп келеді.

Жалпы қауіпсіз еңбек жағдайын қалыптастыруды тек мемлекеттік органдардың міндеті деп қарауға болмайды. Бұл жерде мемлекет тиімді заңнамалық және бақылау жүйесін қалыптастыруы, жұмыс беруші – қауіпсіз еңбек жағдайын қамтамасыз етуі, кәсіподақтар – қоғамдық бақылауды күшейтуі, сақтандыру ұйымдары алдын алу шараларын қолдауы, ал жұмыскерлер қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтауы қажет. Тек осындай серіктестік болған жағдайда ғана өндірістегі жазатайым оқиғалардың санын есәуір азайтуға болады.

Ел экономикасының дамуы зауыттар мен фабрикалардың, шахталар мен құрылыс аландарының, көлік пен энергетика салаларының тұрақты жұмысына байланысты. Ал сол өндірістердің жүрегі – еңбек адамы. Сондықтан еңбек қауіпсіздігі мәселесі тек өндірістік талап емес, мемлекеттің әлеуметтік саясатының басты басымдықтарының бірі бола беруі тиіс. Мұны Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев та үнемі айтып келеді. Мемлекет басшысы бірнеше рет еңбек адамының мәртебесін көтеру, қауіпсіз еңбек жағдайын қамтамасыз ету және әлеуметтік әділеттілікті нығайту мәселелеріне ерекше назар аударды. Бұл бағыттағы мемлекеттік саясаттың түпкі мақсаты – экономикалық өсім мен әлеуметтік жауапкершіліктің теңгерімін қамтамасыз ету.

Төктерін айтқанда, Қазақстан еңбек адамының қадірін арттыратын, қауіпсіз еңбек мәдениетін қалыптастыратын ел болуы керек. Себебі кез келген мемлекеттің басты байлығы – табиғи ресурстары емес, адам капиталы. Адам өмірінен қымбат ештеңе жоқ. Сондықтан еңбек қауіпсіздігіне қатысты іс-шараларды ширатып, оларға қажет қаржы дер кезінде бөлініп отырса құба-құп.



А ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

ҚҰРЫЛТАЙ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІНЕН ТЫС ЖЕРДЕ ДАУЫС БЕРУ

ҚҰРЫЛТАЙ

23 тамыз



ЖАҢАРУ ҮШІН ДАУЫС БЕР!

www.election.gov.kz

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Денсаулық жағдайына, отбасының сырқат мүшесіне күтім жасау себебіне, сондай-ақ сайлау учаскелері құрылмаған шалғайдағы және қатынасу қиын аудандарда болуына байланысты дауыс беру күні сайлау учаскесіне келе алмайтын Қазақстан Республикасының азаматтары дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беруге құқылы.

Ол үшін сайлаушы дауыс беру күні (2026 жылғы 23 тамыз) жергілікті уақытпен сағат 12:00-ден кешіктірмей, өзінің тіркелген аумағындағы учаскелік сайлау комиссиясына барып, болатын жері бойынша дауыс беруді ұйымдастыру туралы жазбаша өтініш беруі қажет.

Дауыс беру күні учаскелік сайлау комиссиясының мүшесі берілген өтініш негізінде және жеке басын куәландыратын құжатты ұсынғаннан кейін сайлаушыға дауыс беруге арналған бюллетень береді. Дауыс беруге арналған бюллетеньді алу фактісі өтініште сайлаушының қолымен куәландырылады.

Учаскелік сайлау комиссиясының бюллетеньді берген мүшесі оған өзінің қолын қояды, сондай-ақ сайлаушының өтінішіне қол қояды. Дауыс беруді өткізу кезінде сайлаушының ерік білдіру құпиясының міндетті сақталуы қамтамасыз етіледі.

Қазақстан Республикасының
Орталық сайлау комиссиясы

ТАЛҚЫ

ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ – ЖАҢАРУ
МЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖОЛЫ

Қазақстанның саяси жүйесін жетілдіруге бағытталған маңызды тарихи қадам – еліміздің жаңа Конституциясы. Өзгерістердің басты мақсаты – мемлекеттік басқаруды заман талабына сай жаңғыртып, заң шығару ісінің тиімділігін арттыру және халықтың мүддесіне қызмет ететін басқару жүйесін қалыптастыру болып отыр.

Жаңа Конституцияға сәйкес, заң шығару қызметі жаңа деңгейге көтерілмек. Екі палаталы Парламенттің орнына бір палаталы Құрылтай құрылады. Құрылтайдың негізгі міндеті – сапалы заңдар қабылдап, мемлекеттік басқарудағы бюрократиялық кедергілерді азайту және қоғамның өзекті мәселелеріне жедел үн қату.

Жаңа Құрылтай 145 депутаттан тұрады және олар бес жыл мерзімге пропорционалды сайлау жүйесі арқылы, яғни партиялық тізім бойынша сайланады. Депутат болу үшін Қазақстан Республикасының азаматы болуы, 25 жасқа толуы және соңғы он жыл бойы ел аумағында тұрақты тұруы қажет.

Конституцияға сәйкес, Құрылтай заңдар мен конституциялық заңдарды қабылдайды, Үкіметтің қызметіне бақылау жасайды, мемлекеттік маңызы бар мәселелерді қарайды және Президентпен бірлесіп бірқатар жоғары мемлекеттік лауазымдарға тағайындауларды келіседі. Сонымен қатар, депутаттардың тәуелсіздігін қамтамасыз ету үшін олардың қолсұғылмаушылық кепілдіктері сақталады.

Заң шығару рәсімдерін жеңілдету, мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру және қазіргі заман талаптарына сай жұмыс істейтін басқару жүйесін қалыптастыру – Жаңа Конс-

титудияның мақсаты. Сонымен бірге цифрландыру мен жасанды интеллект дәуірінде мемлекеттік институттардың жедел әрі ашық жұмыс істеуіне ерекше мән беріледі.



Бұл өзгерістер елдің дамуына тың серпін берері хак. Әрбір заң халықтың әл-ауқатын арттыруға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға және мемлекеттің тұрақты дамуын қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс. Сондықтан жаңа Конституция бізге зор жауапкершілік жүктейді.

Алдағы уақытта Құрылтайдың жұмысы ашықтық, әділдік және кәсібилік қағидаттарына негізделмек. Мемлекеттік биліктің барлық тармағы ел игілігі үшін бірлесе қызмет еткенде ғана Қазақстанның болашағы жарқын болмақ. Жаңа Конституция – бұл тек

заңдар жинағы емес, ол еліміздің келешек дамуының берік негізі. Оның басты құндылығы – халықтың мүддесін қорғау, әділетті қоғам құру және мемлекетіміздің өркендеуіне қызмет ету.

Жалпы алғанда, жаңа Конституцияда ұсынылған өзгерістер мемлекеттік билік жүйесін жаңғыртуға, заң шығару сапасын жақсартуға және мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылын тиімді ұйымдастыруға бағытталған.



Бұл ретте Конституция елімізде азаматтық қоғамның орнығуы мен құқық үстемдігінің бекуіне барынша ықпал етіп, тиімді билік жүйесінің қалыптасуы мен ұлттық заңнаманың дамуын және басқа да қоғамдық институттардың сындарлы жұмыс атқаруын қамтамасыз ететін нормативтік негізі мықты, өміршең де маңызды құжат екендігі бүгінгі таңда мойындалған ақиқат.

Әлібек НҰРҒАЛИЕВ,
Батыс Қазақстан облысы Қазталов аудандық сотының төрағасы

КӨЗҚАРАС

ҚР Конституциясы – еліміздің құқықтық жүйесінің өзегі, мемлекет пен қоғам дамуының басты бағдары. Ол азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етіп қана қоймай, қоғамдық келісім мен тұрақтылықтың кепілі ретінде қызмет етеді.

Құқықтық
жүйенің өзегі

2022 жылғы республикалық референдум нәтижесінде Конституцияға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар еліміздің саяси жаңғыруының жаңа кезеңін айқындады. Бұл реформалардың негізгі мақсаты – мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру, азаматтардың құқықтарын қорғау тетіктерін күшейту және қоғамның мемлекеттік шешімдер қабылдау үдерісіне қатысу мүмкіндіктерін кеңейту болды.

Конституциялық реформалардың маңызды нәтижелерінің бірі – «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидатының орнығуы. Бұл мемлекеттік билік тармақтарының арасындағы тепе-теңдікті нығайтып, олардың жауапкершілігін арттыруға бағытталған маңызды қадам болды. Жаңа Конституция аясында азаматтардың құқықтарын қорғауға ерекше көңіл бөлінді. Конституциялық Соттың құрылуы – осының айқын дәлелі. Бұрын азаматтар өздерінің конституциялық құқықтарының бұзылғаны жөнінде тікелей жүгіну мүмкіндігіне ие болмаса, бүгінде әрбір азамат Конституциялық Сотқа жүгініп, өзінің негізгі құқықтары мен бостандықтарын қорғауға мүмкіндік алды. Бұл құқықтық мемлекеттің маңызды белгілерінің бірі.

Сонымен қатар, Конституцияда жер мен табиғи ресурстардың халыққа тиесілі екендігі туралы қағидат нақты айқындалды. Бұл өзгеріс ұлттық бай-

лықты әділ пайдалану мен қоғам мүддесін қорғауға бағытталған маңызды құқықтық нормаға айналды.

Конституциялық реформалар сот жүйесін жетілдіруге де серпін берді. Соттардың тәуелсіздігін қамтамасыз ету, әділ сот төрелігін жүзеге асыру және азаматтардың сотқа деген сенімін арттыру – құқықтық реформалардың басты міндеттерінің бірі болып қала береді.

Қазіргі таңда елімізде заң үстемдігін қамтамасыз ету, адам құқықтарын қорғау және құқықтық мәдениетті қалыптастыру бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізілуде. Бұл міндеттерді жүзеге асыруда Конституцияның рөлі ерекше. Өйткені Ата Заң – әрбір азаматтың құқықтық қорғанының кепілі әрі мемлекетіміздің тұрақты дамуының негізгі құжаты.

Жаңа Конституция – жай ғана құқықтық құжат емес, ол Әділетті Қазақстанды құру жолындағы маңызды қоғамдық келісімнің көрінісі. Сондықтан әрбір азамат Конституцияның мәні мен маңызын терең түсініп, оның қағидаттарын құрметтеуі тиіс. Ата Заңға деген құрмет – мемлекетке деген құрмет. Ал заң үстемдігі орныққан қоғамда әділдік те, тұрақтылық та, даму да болады.

Жандос САТАНОВ,
Ақтөбе қалалық сотының судьясы

ТҮЙТКІЛ

Алматы қаласында орын алған әрбір суицид оқиғасы, енді арнайы комиссияның қарауына жіберіледі. Мұндай шешімді қалалық мәслихат депутаттары қабылдады.



Әрбір суицид комиссия
қарауына жіберіледі

Жаңа комиссияның негізгі мақсаты – суицидтің себептерін жан-жақты зерттеп, мұндай қайғылы жағдайлардың алдын алуға бағытталған нақты шаралар әзірлеу. Комиссия құрамына денсаулық сақтау, білім беру, полиция, әлеуметтік қорғау салаларының өкілдері, сондай-ақ психологтар мен басқа да мамандар енеді. Олар әрбір оқиға бойынша қолда бар ақпаратты саралап, оған әсер еткен әлеуметтік, психологиялық және өзге де факторларды анықтайды. Талдау нәтижесінде мемлекеттік органдарға профилактикалық жұмысты күшейту, ведомствоаралық өзара іс-қимылды жақсарту және тәуекел тобындағы азаматтарға көрсетілетін көмекті жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірленеді. Бұл тәсіл тек оқиғаны мән-жайын анықтауға ғана емес, алдағы уақытта осындай қайғылы жағдайлардың алдын алуға бағытталған.

Мамандардың айтуынша, суицидтің пайда болуына бір ғана себеп әсер етпейді. Көп жағдайда психологиялық және әлеуметтік факторлар өзара сабақтасып, адамның өмірге деген көзқарасына ықпал етеді. Жасөспірімдердің суицидтік мінез-құлқына олардың эмоционалдық күйі, отбасындағы қарым-қатынас, құрдастар ортасы және қоғамдағы қысым қатар әсер етеді. Жасөспірімдік кезеңде бала өзінің болмысын, жеке тұлғасын іздейді. Бұл уақытта эмоционалдық тұрақсыздық жиі байқалады. Бір жағынан ата-ана одан ересек адамдай жауапкершілік күтсе, екінші жағынан бала өзін әлі де қорғанысқа мұқтаж сезінеді. Осындай ішкі қайшылықтар психологиялық қысымды күшейтеді.

Психологтардың сөзінше, жасөспірімдердің суицидтік ойларға баруына ауыр депрессиялық күй, үмітсіздік пен өзін жалғыз сезіну негізгі себептердің бірі. Егер бала өзін

түсінетін, қолдайтын адамның жоқ екеніне сенсе, болашаққа деген сенімі әлсіреп, өмірден күдер үзуі мүмкін. Маман соңғы жылдары балалар арасында отбасындағы жанжалдар, құрдастар тарапынан буллинг және әлеуметтік желідегі жағымсыз контенттің әсері жиілегенін айтады. Мұндай факторлар қиындықтарды шешудің орнына олардан қашуға итермелеуі ықтимал.

– Өз тәжірибеimde суицидтік ойлары бар балалардың басым бөлігінде үмітсіздік пен дәрменсіздік сезімі басым болатынын байқаймын. Олар өзін ешкімге қажетсіз сезінеді, болашағын елестете алмайды. Осындай кезде баланың жанында оны тыңдайтын, түсінетін әрі қолдайтын кем дегенде бір адамның болуы өте маңызды, – дейді психолог Ахгуль Хусаян.

Ата-ананың балаға шектен тыс жоғары талап қоюы немесе оның жетістіктерін ғана бағалау да қауіпті. Бала күткен нәтижеге қол жеткізе алмаған жағдайда өзін жеткіліксіз сезініп, өмірінің мәні жоғалғандай күй кешуі мүмкін. Маман мұндай жағдайлардың алдын алу үшін балалардың психологиялық жай-күйіне бей-жай қарамау, олардың көңіл-күйіндегі өзгерістерді дер кезінде байқап, қажет болған жағдайда психологтың көмегіне жүгіну маңызды екенін атап өтті. Суицидтің алдын алу тек медицина немесе білім беру саласының ғана міндеті емес. Бұл – ата-ана, мектеп, мемлекеттік органдар мен қоғамның бірлескен жауапкершілігін талап ететін күрделі мәселе. Сондықтан Алматыда құрылған жаңа комиссия әрбір оқиғаны жан-жақты саралап, қайғылы жағдайлардың қайталануына жол бермеуге бағытталған жүйелі ұсыныстар әзірлеуді көздеп отыр.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

Жедел ашылған
қылмыс саны көп

Жедел ден қоюды ұйымдастырудың нәтижесінде полицияның кешенді күштерімен Жамбыл облысында 6 айда 1645 қылмыс жедел ізін суытпай ашылды. Бұл көрсеткіш былтыр алғашқы жартыжылдықта 1268-ді құраған болатын. Өңірде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету және құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында 2413 бейнебақылау камерасы жұмыс істейді. Олар қоғамдық орындарда, көшелерде, әлеуметтік маңызы бар нысандарда және адамдар көп шоғырланатын орындарда орнатылған.

«Жедел басқару орталығының бейнебақылау инспекторлары камералар арқылы тәулік бойы мониторинг жүргізіп, құқық бұзушылықтарды ерте кезеңде анықтауды, күдікті тұлғалардың қозғалысын бақылауды және полиция нарядтарын оқиға орындарына жедел бағыттауды қамтамасыз етеді.

Бейнебақылау жүйелерін тиімді пайдалану нәтижесінде жыл басынан бері 19460 әкімшілік құқықбұзушылық анықталып, құқықбұзушыларға қатысты әкімшілік хаттамалар толтырылды. Оның ішінде Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің 434, 156, 449-баптар бойынша – 56, 440-бап бойынша – 36 хаттама рәсімделіп, 19 205 құқық бұзушылық жол қозғалысы қағидаларын бұзу фактілері тіркелді. Сонымен қатар, бейнебақылау камералары қылмыстарды ашуда маңызды дәлелдемелік құрал ретінде пайдаланылып келеді. Бейнематериалдар күдікті тұлғалардың қозғалысын анықтауға, оқиғаның мән-жайын нақтылауға, қылмыстың жасалу механизмін қалпына келтіруге және дәлелдемелік базаны нығайтуға мүмкіндік береді. Нәтижесінде полиция күштері мен құралдарының жедел әрекет ету тиімділігі артып, құқық бұзушылықтарға ден қою уақыты қысқаруда», – дейді А.Смағұлов.

Азат Дәулетұлының айтуынша, биыл алғашқы жартыжылдықта Жедел басқару орталығы мен аумақтық кезекші бөлімдерінің «102» арнасына 50 мыңнан астам түрлі сипаттағы хабарлама келіп түсті. Оның басым бөлігі Та-

раз қаласы (35 813) мен Қордай (2660), Байзақ (1996) аудандарының үлесіне тиіп отыр. Өзге аудандарда бұл көрсеткіш 516-дан 1 932-ге дейінгі аралықты құрайды.

Ювеналды полиция қызметкерлерімен күн сайын ойын-сауық орындарында және жастар көп жиналатын орындарда рейдтік іс-шаралар ұйымдастырылып, көмелетке толмағандардың заңды өкілдерінсіз жүру фактілері, алкоголь өнімдерінің заңсыз сатылуы және басқа да құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша тұрақты жұмыстар жүргізілуде. Ішкі істер министрлігінің жобасы аясында «Заң және тәртіп» сервисі тұрақты жұмыс істедуде. Ол азаматтарға eGov Mobile, Kaspi.kz, Halyk Bank мо-



бильді қосымшалары және «102» арнасы арқылы полицияға құқық бұзушылықтар туралы жедел хабарлама жолдауға мүмкіндік береді. Бұл сервис арқылы 6 айда 692 өтініш келіп түсті. Оның ішінде 395-і eGov Mobile, 255-і Kaspi.kz арқылы, ал 30-ы «102» арнасы, 12-сі Halyk Bank мобильді қосымшасы арқылы жолданған.

– Өтініштердің басым бөлігі құқық бұзушылықтар (318) мен жол қозғалысы қағидаларын бұзу (242) фактілеріне қатысты. Сонымен қатар, балалардың қатысуымен болған оқиғалар бойынша – 27, тұрмыстық зорлық-зомбылық бойынша – 22, жол-көлік оқиғалары бойынша 19 хабарлама тіркелді.

Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында «Сергек» аппараттық-бағдарламалық кешені штаттық режимде жұмыс істейді. Аталған жүйе жол қозғалысы қағидаларын автоматты түрде тіркеп қана қоймай, көлік ағынын бақылауға, іздеуде жүрген көлік құралдарын анықтауға және полиция нарядтарының әрекетін үйлестіруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, eGov Mobile мобильді қосымшасында іске қосылған «Көлік оқиғалары туралы хабарлама» сервисі арқылы азаматтар өз көлік құралдарына қатысты орын алған оқиғалар жөнінде жедел хабарлама алып, тиісті шараларды уақытылы қабылдау мүмкіндігіне ие болды. Бұл сервис азаматтар мен полиция арасындағы өзара байланысты нығайтып, халыққа көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігін арттыруда.

Экологиялық құқық бұзушылықтардың алдын алу бағытында «Таза Қазақстан» республикалық акциясы аясында да бейнебақылау жүйелері тиімді пайдаланылуда. Есепті кезеңде ка-

мералардың көмегімен қоғамдық орындарды ластау, абаттандыру қағидаларын бұзу және қоқысты белгіленбеген орындарға төгу бойынша 38 құқық бұзушылық анықталып, 24 азаматқа ескерту беріліп, 14 тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

Бағлан Мақұлбеков,
Жоғарғы Соттың доғарыстағы судьясы:

«СУДЬЯНЫҢ МІНДЕТІ – КӨҢІЛДЕН ШЫҒУ ЕМЕС, ЗАҢДЫ ДҰРЫС ҚОЛДАНУ»

(Соңы. Басы 1-бетте)

– *Заңгерлік өз қалауыңыз ба, әлде баласының сот, прокурор болуын қалайтын ата-анаңыздың арманы ма?*

– Заңгерлік мамандық ата-анамның ойына кіріп-шыққан жоқ. Мен де бұл мамандық жайлы еш армандаған емеспін. Ата-анам «жақын жерден мұғалімдікті оқи сал» деді. Неге екенін білмеймін, бірақ бала күнімнен кітап, газет оқуға құмар болдым. Ел ішінде болып жатқан жаңалықтарды бақылап, адамдар тағдыры туралы оқығанды жақсы көретінмін. Сол себепті мектеп бітіргенде еш ойланбастан журналист болам деген мақсат қойдым. Ата-анам бұл қалауыма қарсы тұра алмады. Сөйтіп Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне құжат тапсырдым. Ол кезде ҚазМУ-дың журналистика факультетіне түсу үлкен мәртебе саналатын. Өкінішке қарай, шет тілінен емтихан тапсыру мен үшін үлкен кедергі болды. Қазақ әдебиеті мен тарихынан жақсы баға алғаныммен, шет тілінен қажетті ұпай жинай алмадым. Бірақ жас болғандықтан ба, бұл сәтсіздікке аса қатты кінәламды. Біраден ауылға келіп, еңбекке араластым. Келесі жылы да Алматыға келіп арманымдағы оқуға құжат тапсырмақ болдым. Бірақ сол кезде бір досым шет тілден тағы өте алмауымның мүмкін екенін айтып, заң факультетіне баруға кеңес берді. Көп ойланып жатпай, оның айтуымен заң факультетіне құжат тапсырдым. Бірақ бұл жолы да оқуға түсу бұйырмапты. Конкурстан өте алмаған соң, әскер қатарына шақырылдым. Әскер мен үшін үлкен өмір мектебі болды. Онда қолым қалт етсе емтихандарға дайындалып, білімдімің шыңдаумен айналыстым. Еңбегім ақталып, ақыры заң факультетіне түсіп, оны үздік тәмамдадым. Осылайша тағдыр жолы мені сот жүйесіне алып келді. Бүгін ойлап қарасам, журналист болсам да қоғамға қызмет етер едім. Бірақ судья болу маған әлдеқайда үлкен жауапкершілік жүктеді.

– *Университетті тәмамдаған соң сот саласына бейімделу қиын болған жоқ па?*

– Университет қабырғасында алған теориялық білім бір басқа, ал сот залындағы тәжірибе мүлде басқа екен. Мен 27 жасымда судья болып тағайындалдым. Бұл міндетті аркалап жүру оңай болмады. Заң кітаптарында бәрі нақты жазылғандай көрінеді. Бірақ сот тәжірибесінде әр істің артында адамның тағдыры, отбасының, кейде тұтас әулеттің болашағы тұрады. Содан болар жас судья үшін ең қиын кезең – алғашқы жылдар. Заңды жаттап алу жеткіліксіз. Ең бастысы – оның мәнін түсіну, тәжірибеде дұрыс қолдана білу маңызды. Әлі есімде, алғашқы қараған ісім мемлекет мүлкін топ болып ұрлауға қатысты болды. Сот процесі 20-25 күнге созылды. Сотталушының екеуі әйел болатын. Кеңесу болмесіндегі сол сәттегі күйімді айтып жеткізе алмаймын. Бірінші іс бойынша үкім жазу қандай ауыр болғанын есіме алғым келмейді. Үкімді жариялап болған кезде әйелдердің бірі талып қалды. Сол кезде өзім де құлаудың алдында тұрған едім. Мамандық мінез-құлқына, болмысыңа өзгерістер енгізеді екен. Бақытыма қарай, тәжірибелі аға судья-

лардан көп тәлім алдым. Олар бізді заңның баптарын ғана жаттауды емес, судьяға қажет мінезге де, дағдыларға да баулыды. Сабыр сақтау, асығыс қорытынды жасамау, тараптардың әрқайсысын мұқият тыңдау – осының бәрі кәсіби мәдениеттің негізі екен. Сол кісілердің тәрбиесі мен үшін кейінгі бүкіл еңбек жолымда бағыт-бағдар болды.

– *«Судья еңбегінің көрсеткіші – халықтың сенімі» деген пікірмен келісесіз бе?*

– Әрине, толық келісемін. Мемлекеттік билік заң шығарушы, атқарушы және сот билігі болып үш тармаққа бөлінеді. Соның ішінде сот билігінің орны ерекше. Өйткені сот төрелігін жүзеге асыру – тек сотқа ғана жүктелген конституциялық міндет. Бүгінгі Қазақстанның басты қағидаты – «Заң және тәртіп». Бұл жай ғана ұран емес және оның жүзеге асуы, ең алдымен, сот төрелігінің сапасына байланысты. Алайда «сот төрелігі» деген ұғымды дұрыс түсінуіміз керек. Соттың міндеті – бәрін жазалау емес, оның міндеті – заңды дұрыс қолданып, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау.

Мен қызметке кіріскен кезде мүлде басқа қоғамдық-саяси жағдай болды. Ол уақыт Кеңес Одағының кезеңі еді. Коммунистік партияның идеологиясы мемлекеттік органдардың қызметіне, оның ішінде сот жүйесіне де ықпал етті. Мұны жасыруға болмайды. Тәуелсіздік алғаннан кейін еліміз түбегейлі жаңа даму жолына түсті. Біз кеңестік құқықтық жүйеден тәуелсіз Қазақстанның ұлттық сот жүйесін қалыптастыруға қатыстық. Шетелдік тәжірибені, ТМД мемлекеттерінің үлгілерін зерделедік. Сот реформалары жүргізілді. Сот жүйесі бір күнде қалыптасқан жоқ. Оның артында ондаған жылдық ізденіспен еңбек жатыр. Сол себепті бүгінгі сот жүйесіне баға бергенде оның қалыптасу жолын да ескеру қажет.

Әрине, халықтың сеніміне ие болу өте қиын. Судья ешқашан «барлық адамды риза етемін» деп уәде бере алмайды. Өйткені оның міндеті – көңілден шығу емес, заңды дұрыс қолдану. Біз қызметке кіріскенде ант береміз. Сол антқа адал болу – судьяның ең басты қағидасы. Кейде қабылданған шешім қоғамның немесе белгілі бір адамның көңілінен шықпауы мүмкін. Бірақ бұл заңнан аттауға себеп болмауы тиіс. Егер судья заңды дұрыс қолдана, оның шешімі жоғары тұрған сот сатысында күшінде қалады. Ал заң бұзылса немесе процесстік талаптар сақталмаса, мұндай шешімнің күші жойылады. Сот жүйесінің ішкі бақылау тетігі де осыған негізделген.

Дегенмен сот қоғамнан бөлек өмір сүрмейді. Қоғамдық пікірді, халықтың сотқа деген сенімін ескермеуге болмайды. Өйткені халық – мемлекеттің қазынасы, байлығы. Біз заңдылықты қамтамасыз ете отырып, түптеп келгенде сол халықтың игілігі үшін қызмет етеміз. Қазақстанда үш мыңға жуық судья жиырма миллионнан астам азаматтың құқығы мен заңды мүддесін қорғауға жауапты. Бұл – орасан зор жауапкершілік. Сондықтан халықтың сенімі – судья үшін марапат емес, күн сайын адал еңбегімен дәлелдеуге тиіс ең үлкен капитал.

– *Соңғы жылдары қоғамда сотқа деген*



талап күшейді. Бұл судьяның жауапкершілігін арттырды ма?

– Қазіргі қоғам мүлде басқа. Азаматтардың құқықтық сауатты артты. Бұл – қалыпты құбылыс. Сондықтан бүгінгі судья бұрынғыдан әлдеқайда жауапты жұмыс істейді. Ең бастысы – судья өз өкілеттілігінің мәнін терең түсінуі керек. Мемлекеттік органдардың бәрі заңмен жұмыс істейді. Адамның тағдырына қатысты ең маңызды шешімді тек судья қабылдай алады. Сондықтан судьяның бір ғана қателігі бір адамның ғана емес, бүтін бір отбасының тағдырына әсер етуі мүмкін. Осыны әр судья күн сайын есінде ұстауы тиіс.

Бүгінде электронды сот жүйесі енгізілді. Жасанды интеллект элементтері қолданыла бастады. Ақпаратқа қол жеткізу жеңілдеді. Бұл жұмысты жеңілдеткенімен, жауапкершілікті азайтқан жоқ. Жоғарғы Сот төрелігі академиясында дәріс оқығанда жастарға «күніне кем дегенде бір сағат білімді жетілдіруге міндеттісің» деп айтамын. Солай болу керек, өйткені, заң күн сайын өзгеріп жатыр. Жаңа құқықтық институттар пайда болуда. Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары қабылданады. Конституциялық Соттың құқықтық ұстанымдары қалыптасып келеді. Мұның бәрін оқымай, кәсіби деңгейінді сақтау мүмкін емес. Ізденуді тоқтатқан судьяның кәсіби өсуі де тоқтайды.

– *Судьялар арасында бос орын көп екені айтылып жүр. Оның себебі неде?*

– Бұл мәселені бір ғана себеппен түсіндіруге болмайды. Судья болу – жай ғана қызмет емес. Бұл – үлкен жауапкершілік жүктейтін өмірлік таңдау. Өкінішке қарай, кейбір жастар судьялыққа өз қалауымен емес, ата-анасының немесе айналасындағылардың ықпалымен келеді. Мұны дұрыс деп есептемеймін. Себебі адам өз жүрек қалауымен таңдамаған мамандықтың қиындығына төтеп бере алмайды. Судьялық қызметке осы мамандықтың патриоты болатын адамдар келуі керек. Қазір қоғам судья еңбегінің сыртқы жағын ғана көреді. Ал оның күнделікті жауапкершілігін екінің бірі біле бермейді. Шын мәнінде судьяның жұмыс уақыты кабинеттен шыққан сәтте аяқталмайды. Істі зерт-

теу, шешім жазу, заңнаманы оқу – мұның бәрі жұмыс күнінен кейін де жалғасады. Сондықтан кейбір судьялардың «менің жеке өмірім жоқ» деп айтуының жаны бар. Бүгінде судьялардың жартысы – әйелдер. Олар кәсіби міндетімен қатар, отбасы мен бала тәрбиесін де қатар алып жүреді. Сондықтан бұл қызмет үлкен төзімділікті, тәртіпті және уақытты тиімді жоспарлай білуді талап етеді.

Дегенмен барлық мәселені тек жұктемемен байланыстыру дұрыс емес. Соттағы жұмыстың қалай ұйымдастырылуы да

«Халықтың сеніміне ие болу өте қиын. Судья ешқашан «барлық адамды риза етемін» деп уәде бере алмайды. Өйткені оның міндеті – көңілден шығу емес, заңды дұрыс қолдану. Біз қызметке кіріскенде ант береміз. Сол антқа адал болу – судьяның ең басты қағидасы. Кейде қабылданған шешім қоғамның немесе белгілі бір адамның көңілінен шықпауы мүмкін. Бірақ бұл заңнан аттауға себеп болмауы тиіс. Егер судья заңды дұрыс қолдана, оның шешімі жоғары тұрған сот сатысында күшінде қалады. Ал заң бұзылса немесе процесстік талаптар сақталмаса, мұндай шешімнің күші жойылады. Сот жүйесінің ішкі бақылау тетігі де осыған негізделген.

маңызды. Егер сот төрағасы жұмысты сауатты жоспарлай білсе, көптеген мәселені шешуге болады. Ал ұйымдастыру әлсіз болса, жүктеме де ауыр сезіледі. Мен әріптестеріме үнемі «Жұмыс көп деп шағымданбас бұрын, оны қалай ұйымдастырып жүргенімізге қарауымыз керек», – деп айтатынмын. Өйткені, соттағы тәртіп, жоспарлау және еңбек мәдениеті – сот төрелігінің сапасына тікелей әсер етеді. Әр істің заңмен белгіленген қарау мерзімі бар. Ол сақталуы тиіс. Тағы бір өзекті мәселе – ауылдық жерлердегі кадр тапшылығы. Мен еңбек жолымды ауылдан бастадым. Бес ауданда судья, үш облыста сот төрағасы болдым. Сондықтан бұл мәселені жақсы білемін. Жас судьялар ауданға барғысы келмейді. Себебі инфрақұрылым, әлеуметтік жағдай, тұрмыс мәселесі бәріне бірдей қолайлы емес. Барғысы келмеген адамды күштеп жіберу мүмкін емес. Сондықтан өңірлерде жалақымен бірге, тұрғын үй, әлеуметтік қолдау, еңбек жағдайы сияқты мәселелерді де кешенді түрде шешу қажет. Сот жүйесінің сапасы ең алдымен мамандардың біліктілігіне байланысты. Мықты кадрсыз ешқандай реформа нәтиже бермейді.

– *Үш облыстық сотты басқардыңыз. Сіздіңше жақсы төраға болудың формуласы қандай?*

– Жақсы төраға болудың нақты өлшемі жоқ. Бірақ өмірдің өзі қалыптастырған қағидалар бар. Ең алдымен, сот төрағасы – судья. Ол кабинетте отырып тапсырма беретін әкімші емес, өзі іс қарап, кәсіби біліктілігімен өзгелерге үлгі болатын тұлға болуы тиіс. Мен ешқашан «мен төрағамын, сондықтан айтқаным орындалуы керек» деген ұстанымды құптаған емеспін. Судьялардың құрметіне бұйрықпен емес, біліммен, тәжірибемен және әділдігімен ие боласың. Төраға судьяның орнына шешім қабылдай алмайды және қабылдауға құқығы да жоқ. Бұл – сот тәуелсіздігінің негізгі қағидаты. Бірақ заңды дұрыс қолдану, сот тәжірибесін қалыптастыру, күрделі мәселелерді талқылау кезінде оның кәсіби пікірі әріптестері үшін бағдар болуы керек. Соңғы кезде «сот төрағасы институтының қажеті жоқ» деген пікір айтылып жүр. Мен бұл көзқараспен келіспеймін. Әсіресе аудандық соттарда төрағаның рөлі ерекше. Аудандық сот – бүкіл сот жүйесінің іргетасы. Өйткені азаматтардың басым көпшілігі сотпен алғаш рет дәл осы деңгейде кездеседі. Бір ауданда үш судья болса, тұрғындар олардың әрқайсысының кәсіби деңгейін жақсы біледі. «Ісім пәленше судьяға түссе екен» немесе «түспесе екен» деген әңгімелер де айтылып жатады. Бұл – өмірдің шындығы. Осындай жағдайда ұжымның кәсіби деңгейін көтеріп, тәртіпті

теген мемлекеттер тәжірибесінде бар модель. Дегенмен, енді басты назар судьялыққа кандидаттарды іріктеуден бұрын, оларды жүйелі даярлауға аударылуы керек. Бұл бағытта Сот төрелігі академиясының мүмкіндігін толық пайдалану қажет. Академия тек білім беретін орын ғана емес, болашақ судьяның кәсіби көзқарасын, құқықтық мәдениетін және жауапкершілігін қалыптастыратын мектеп болуы тиіс. Өйткені біз жас судьяны алғаш рет қызметке тағайындалған кезде ғана көреміз. Оның мінезін де, кәсіби дайындығын да, қиындыққа төзімділігін де алдын ала толық біле бермейміз. Сондықтан жаңадан келген судьяны бірден ең ауыр істердің астына қалдыру дұрыс емес. Өкінішке қарай, кейде тәжірибесіз судьяларға еңбек демалысына шыққан немесе жұмыстан кеткен әріптестерінің ондаған ісі бірден жүктеліп жатады. Мұндай жағдайда жас маманның абдырап қалуы заңды. Меніңше, әрбір жас судьяның жанында тәжірибелі тәлімгер болуы керек. Алғашқы айларда оған күрделілігі әртүрлі істер кезең-кезеңімен беріліп, жұмысын сот төрағасы тұрақты бақылап, қолдау көрсеткені жөн.

Кадр даярлау – тек емтихан өткізу емес. Біз әрбір кәсіби заңгерді бағалап, олардың арасынан болашақ мықты судьяларды тәрбиелеуге ерекше көңіл бөлуіміз қажет. Мен студенттерге дәріс оқығанда үнемі «отыз жылдан кейін осы елдің сот жүйесін сендер басқарасыздар. Болашақ Жоғарғы Соттың судьялары да, облыстық соттардың төрағалары да осы аудиторияда отыр» деуші едім. Сол кезде жастар ойяланып қалатын. Жас адамды бұйрықпен емес, мақсатпен шыбыттандыру керек. Егер ол сот қызметінің қоғам үшін қаншалықты маңызды екенін түсінсе, бұл мамандыққа да, мемлекетке де басқаша қарайды.

Судьяны тек заң факультеті ғана тәрбиелемейді. Судьяның өмір, ұстаз, тәлімгер тәрбиелейді. Қызметтегі орта қалыптастырады. Ал осының бәрі үйлескенде ғана әділ сот төрелігін жүзеге асыратын кәсіби судьялар корпусы қалыптасады.

– *Сіз сот жүйесіне 39 жасыңызды арнадыңыз. Аудандық соттан бастап облыстық соттарға жетекшілік еттіңіз, жас судьяларға дәріс бердіңіз. Өз өміріңізде көңіліңіз тола ма?*

– Мен өмір бойы марапат үшін де, атақ үшін де қызмет еткен жоқпын. Бар мақсатым – заңға адал болу еді. Өмірімде әртүрлі кезеңдер болды. Кеңес дәуірінде де жұмыс істедім, тәуелсіз Қазақстанның сот жүйесінің қалыптасуына да куә болдым. Сот реформасының қалай жүргізілгенін, заңдардың қалай өзгергенін өз көзіммен көрдім. Мен үшін бір нәрсе анық болды, ол – мемлекет қанша өзгерсе де, қоғам қанша жаңарса да, сот төрелігінің өзегі өзгермеуі керек. Оның негізі – заңға адалдық пен әділдік. Бүгінгі жас судьяларға айтарым – бұл мамандықты қызмет ретінде емес, өмірлік мұрат ретінде қабылданыздар. Судья болу – мансап емес, бұл – халық алдындағы аманат. Сотқа деген сенім бір күнде қалыптаспайды. Ол әрбір әділ шешіммен, әрбір заңды әрекетпен, әрбір адал судьяның еңбегімен орнығады.

– *Әңгімеңізге рақмет!*

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

РУХАНИЯТ

«ЯСАУИ КЕРУЕНІ» – ІЗГІЛІК ЖАРШЫСЫ

Түркістан облысына қарасты Кентау қаласындағы Шәмші Қалдаяқов атындағы мәдениет үйінде Қожа Ахмет Ясауидың рухани-философиялық мұрасын кеңінен дәріптеуге арналған «Ясауи керуені» ғылыми-танымдық семинары өтті.



Ауқымды рухани-ағартушылық жоба ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұлттық құндылықтарды жаңғырту, тарихи тұлғалардың мұрасын кеңінен насихаттау жөніндегі тапсырмаларын іске асыру мақсатында ұйымдастырылды.

Іс-шараға қала әкімінің орынбасары Бауыржан Әбенұлы, мемлекеттік органдардың өкілдері, ғалымдар, теологтар, дінтанушылар, зиялы қауым, жастар және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Семинарды «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығының директоры Ерлан Дәкенов жүргізді. Ол Қожа Ахмет Ясауидың рухани мұрасы ұлттық бірегейлікті нығайтуға, өскелең ұрпақты ізгілікке, адамгершілікке және отансүйгіштікке тәрбиелеуге қызмет ететінін атап өтті.

Жиында Түркістан облысының Дін істері басқармасының басшысы Рүстем Сабыржанұлы сөз сөйлеп, Ясауи мұрасын зерттеу мен насихаттаудың бүкіл өмір жолы күрес пен ізденістен, ұлтқа қызмет етуден тұрады. Ол қазақ қоғамын жаңғырту, өркениетті елдер деңгейіне жеткізу, ұлттық мемлекеттілік құру жолында аянбай еңбек етіп, тағдыр тәлкегіне ұшыраса да, өз ұстанымынан, елге деген адалдығынан айнымаған қайсар қайраткер болды. Оның өмірі – қазақ интеллигенциясының қалыптасу тарихының көрінісі, азаттық жолындағы күрестің шынайы шежіресі.

дәріптеуге және қоғамдағы рухани тұтастықты нығайтуға серпін беретінін атап өтті.

Семинар барысында Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің профессоры, теология ғылымдарының докторы Досай Кенжетай «Қожа Ахмет Ясауи мұрасының тарихи және рухани маңызы» тақырыбында баяндама жасады. Ғалым ұлы ойшылдың түркі дүниесіндегі орнына және оның ілімінің қазіргі қоғам үшін өзектілігіне жан-жақты тоқталды.



– Бүгінгі «Ясауи керуені» ғылыми-танымдық семинары барысында Қожа Ахмет Ясауидің тарихи тұлғасы, ағартушылық-философиялық мұрасы, «Диуани хикметтегі» рухани құндылықтар

жүйесі және оның ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы орны жан-жақты ғылыми тұрғыда талқыланды. Әсіресе, адамгершілік, имандылық, білімге ұмтылу, әділеттілік пен ізгілік қағидаттарының бүгінгі ұрпақ тәрбиесіндегі маңызы кеңінен ашып көрсетілді. Осы семинар аясында көтерілген ғылыми ой-пікірлер мен ұсыныстар Қожа Ахмет Ясауи мұрасын терең зерттеу мен кеңінен насихаттау ісіне жаңа серпін береді деп сенеміз. Ұлы ойшылдың рухани-мәдени мұрасын жас ұрпақтың санасына сіңіру, оны ұлттық құндылықтармен сабақтастыра дәріптеу – баршамыздың ортақ міндетіміз. Семинар жұмысына белсенді қатысып, мазмұнды ойларымен бөліскен барлық баяндамашылар мен қатысушыларға шынайы алғысымды білдіремін. «Ясауи керуені» өз мақсатына жетіп, рухани таным көкжиегімізді кеңейткен тағылымды алаң болды деп есептеймін, – деді қала әкімінің орынбасары.

Іс-шара барысында қатысушылар Қожа Ахмет Ясауи мұрасын ғылыми тұрғыдан зерттеу, жастар арасында насихаттау және рухани құндылықтарды қоғамдық өмірге кеңінен енгізу бағыттары бойынша пікір алмасты. Сарапшылар Ясауи мұрасын дәріптеу рухани қауіпсіздікті нығайтудың, ұлттық тұтастықты сақтаудың және дәстүрлі құндылықтарды ұрпақ санасына сіңірудің маңызды тетіктерінің бірі екенін атап өтті. Түркістан облысының Дін істері басқармасының мәліметінше, «Ясауи керуені» жобасы алдағы уақытта облыстың барлық қала және аудандарында жалғаса-

ды. Жоба аясында тұрғындарға арналған ғылыми-танымдық кездесулер, семинарлар және рухани-ағартушылық іс-шаралар ұйымдастырылады.

Раушан НАРБЕК

АЛТЫН КӨПІР

Қазақстанда ауыл шаруашылығы өнімдерінің ішкі және трансшекаралық саудасын дамытуға бағытталған Agromarket цифрлық агроа-зық-түлік платформасы (<https://agromarket.asia>) іске қосылды. Ол өндірушілерді, сатып алушыларды, банктерді, логистикалық компанияларды, қоймаларды және талдау сервистерін біріктіретін трансшекаралық аграрлық сауданың цифрлық экожүйесін қалыптастыруға бағытталған. Еуразиялық даму банкінің қолдауымен жүзеге асырылып жатқан жобаны «Қазақтелеком» АҚ құрамындағы «Цифрлық экономиканы дамыту орталығы» ЖШС өзірледі.

AGROMARKET
ЦИФРЛЫҚ ПЛАТФОРМАСЫ
ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

«Agromarket – жай ғана маркетинг емес. Біз фермер өз ұсынысын орналастырып, өнім көлемін көрсетіп, сауда желілері, базарлар немесе қайта өңдеу кәсіпорындары арасынан сатып алушылар таба алатын агроплатформа жасап жатырмыз. Сонымен қатар сатып алушылар да өз қажеттіліктерін жариялап, өнім жеткізушілерді таба алады. Біздің міндетіміз – ауыл шаруашылығы өнімдерінің саудасын нарықтың барлық қатысушысы үшін барынша қарапайым, ашық және қолжетімді ету», – дейді «Цифрлық экономиканы дамыту орталығы» ЖШС департаментінің директоры Инкар Хусаинова.

Оның айтуынша, қазіргі уақытта платформада Қазақстан мен Тәжікстанның өнім жеткізушілері өз тауарларын орналастыруда. Жакын арада Өзбекстан мен Қырғызстаннан қатысушыларды қосу, сондай-ақ басқа да шетелдік нарықтармен ынтымақтастықты кеңейту жоспарланып отыр. Бұл платформа жұмысы аясында тәжікстандық жеміс өндіруші – «Камол-Ходжи» шаруа қожалығы мен қазақстандық Arбуz.kz онлайн-супермаркеті арасында балғын жүзім жеткізу жөніндегі алғашқы келісімшарттарға қол қойылды. Сонымен

қатар Agromarket.asia арқылы еліміздегі ең ірі көтерме сауда нарықтарының бірі – «Шарын» базарына ауыл шаруашылығы өнімдерін жеткізу туралы келісім жасалды. Қол қойылған келісімшарттардың жалпы сомасы 1 миллион АҚШ долларынан асты.

Қазір бұл платформаға қытайлық қатысушылар да қызығушылық танытып отыр. Қазақстандық өнімдерді Қытай нарығына жеткізуді ұйымдастыру мәселелері бойынша сауда және салалық ұйымдармен жұмыс жүргізілуде. Сонымен қатар тауарларды орналастыру және бірлескен сауда тетіктерін дамыту бағытында Өзбекстан, Пәкістан және Италия серіктестерімен келіссөздер жалғасып жатыр.

Жалпы бұл платформада пайдаланушылар тауарларын, сұраныс пен ұсыныс туралы хабарландыруларын орналастырып, өнім жеткізу бойынша серіктестер тауып, логистикалық компаниялардың қызметтерін пайдаланып, мәмілелерді цифрлық форматта рәсімдей алады. Ол импорттаушыларға ғана емес, қазақстандық экспорттаушыларға да жаңа мүмкіндіктер ұсынады.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

ӨЗЕК

Ұлт үшін туған
ұлы тұлға

Әлихан Бөкейханұлы – қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысының көшбасшысы, қоғам және мемлекет қайраткері, экономист, тарихшы, публицист ретінде ХХ ғасыр басындағы ең күрделі кезеңдерде елдік мүддені қорғаудың символына айналған тұлға. Ұлтының тәуелсіздігін аңсаған, қазақ жерін сақтап қалуды басты мақсат еткен кемеңгер азаматтың бүкіл өмір жолы күрес пен ізденістен, ұлтқа қызмет етуден тұрады. Ол қазақ қоғамын жаңғырту, өркениетті елдер деңгейіне жеткізу, ұлттық мемлекеттілік құру жолында аянбай еңбек етіп, тағдыр тәлкегіне ұшыраса да, өз ұстанымынан, елге деген адалдығынан айнымаған қайсар қайраткер болды. Оның өмірі – қазақ интеллигенциясының қалыптасу тарихының көрінісі, азаттық жолындағы күрестің шынайы шежіресі.

Әлихан Бөкейханұлы ХІХ ғасырдың екінші жартысында қазақ даласының саяси, экономикалық құрылымы өзгеріп, ел ішінде жаңа қоғамдық ағымдар пайда болған тұста өсіп жетілді. Ол ерте кезден білімге құштар болып, қазақтың көне дәстүрге негізделген дүниетанымын Ресейдің ірі білім ордаларында алған заманауи ғылыммен ұштастырды. Экономика, заң, тарих, статистика және орман шаруашылығы сияқты әртүрлі салаларды меңгеруі оның жан-жақты тұлға болып қалыптасуына ықпал етті. Саналы ғұмырында ол ғылыми зерттеулер жүргізді, қазақ даласына қатысты статистикалық мәліметтер жинады, Ресей империясының басқару құрылымын зерттеп, отарлық саясаттың түпкі мәнін терең түсінді. Осы білім мен тәжірибені ол кейін ұлт мүддесі жолында тиімді пайдаланды.

қоғамдық сананы жаңартуға серпін берді.

Қазақ жерін сақтап қалу – Әлиханның бүкіл өмірлік күресінің өзегі еді. Ол үшін ол ғылыми дәлелдерге сүйеніп, қазақ даласының табиғи байлығы, демографиялық жағдайы, жер пайдалану ерекшеліктері туралы деректер жинады. Ресей Мемлекеттік думасында депутат болып жүріп те, ол қазақ жерін жеке меншікке беруге қарсы шығып, қазақтың дәстүрлі жер пайдалану құқығын қорғады. Оның ойынша, жер – ұлттың ұйытқысы, мемлекеттіліктің негізі, сондықтан оны сақтау – болашақ ұрпақ алдындағы қасиетті борыш. Осы ұстаным Алаш қозғалысының да басты қағидаларының бірі болды.

Әлихан Бөкейханұлы – қазақ тарихындағы ең алғашқы саяси партияның, Алаш партиясының негізін қалаушы және Алаш автономиясының төрағасы.

Әлихан Бөкейханұлының ең үлкен еңбегі – қазақ халқының ұлттық мемлекет құру идеясын ғылыми, саяси және рухани тұрғыдан негіздеуі. Ол тәуелсіз мемлекеттің іргетасы халықтың бірлігінде, жер тұтастығында, білім мен мәдениетті дамытуда екенін ұғындырды. Әлихан бастаған Алаш зиялыларының арманы тәуелсіз Қазақстан құрылғанда жүзеге асты. Бұл – олардың еңбегінің тарихи жеңісі. Бүгінде Әлиханның өмірі мен мұрасы жас ұрпаққа отансүйгіштіктің, адал қызмет етудің, ел болашағы үшін жан аямай күресу жолында үлгі өнеге болып отыр.

Ақкөркем
МУХАНБЕТҚЫЗЫ,
Ақтобе қаласының
№2 сотының бас маманы

ҚОЛӨНЕР

ШЕБЕРДІҢ ҚОЛЫ ОРТАҚ

Жылтырайтын тастардан кез келген көлемде, кез келген суретті жасауға болатын страз картина кәсібі Қазақстанда әлі қатты дамымаған. Оның негізі енді ғана қаланып жатыр. Жаңа өнер түрі бойынша жарты жыл бұрын өз кәсібін бастаған қолөнер шебері Динара Оспанқұлова Алматы облысының Қарасай ауданында тұрады. «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» дегендей ол бұл өнерді үйрену үшін Польша, Италия және Ресейдің 3 маманынан сабақ алған.

«Біріншісін 2022 жылғы карантин кезінде оқыдым. Алайда толық үйрене алмадым. Киын жұмыс болған соң тастап кетіп, біраз уақыттан соң қайтадан оқыдым. Ол кезде Италияндық шеберден оқыдым. Ол ағылшынша үйретеді. Кейбір сөздерін дұрыс түсінбедім. Сосын Ресейдің бір қызын тауып алып, содан оқыдым. Бұл өнер бізге Еуропадан келген. Онда ол өте қымбат тұрады», – дейді Динара Нағышыбекқызы.

Елімізде бизнес негіздерін үйренем, өз кәсібімді ашам дегендерге мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп жатқанын естіген ол алғашқы кезде «Бизнес бастау» бағдарламасы бойынша бір рет кулинария жағынан көмек алған екен. Алайда онда айтарлықтай үлкен нәтижеге қол жеткізе алмаған сияқты. Сосын бірде әлеуметтік желілердің бірінен страз картиналарды көзі шалып қалады да, осы өнерді меңгеруге аңсары ауады.

Оқу орнынан педагог информатик мамандығын алып шықса да, өзінің бұл салада бір күн де қызмет жасамағанын айтқан Динараның бойында киім пішу, тігу, тырнақ бояу, қас жасау сияқты түрлі өнер тұнып тұр екен. «Жалқаудың жаны тәтті, еңбектің наны тәтті» дегендей қолынан өнер тамған оның бұл ісін күйеуі де бірден қолдаған сияқты. Қазір страз картина жасау бұл отбасының сүйікті кәсібіне айналған. Жұмысты бастағанына көп уақыт өте қоймағандықтан әзірге тапсырыстар аз. Егер өнерді бағалайтын жандар көбейсе, өндірісті кеңейтуді жоспарлап отырған қолөнер шебері қазір инстаграмда Ди-



нара Нағышыбек деген атпен өз жұмыстарын жариялап жүр.

– Егер бұл өнерге қызығушылар шығып жатса білгеніммен бөлісіп, шәкірт қабылдауға да дайынмын. Өкінішке қарай бұл кәсіпке қажетті шикізат пен материалдардың ішінде тек әйнекті ғана осы жерден алам. Алматы облысы Райымбек ауданының 90 жылдық мерейтойында жасаған дүниелерімді өз көзімен көріп, қолымен ұстап көрген соң ғана қолөнердің бұл түрін жоғары бағалап, ол туралы қызыға сұрап, жатқандар кездесті, – деген Д. Оспанқұлованың сөзіне қарағанда алмазды картинаның қиындығын екінің бірі көтере алмайды.

Бұл өнерге өзге тұрмақ өз балалары да аса құлшына қоймайды. Өйткені бұл бейнеті көп болғанымен еңбегі ардайым ақтала бермейтін киын кәсіп. Оған жұмысқа жан-тәнімен беріліп, одан ләззат алатын және шығармашылыққа бейім адам ғана төзеді.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

АЛТЫН КӨШІР

ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ КОММУНИКАЦИЯ ЖӘНЕ МЕДИА

Үрімжі қаласындағы Шыңжаң және Ухань университеттері бірлесе ұйымдастырған Орталық Азиядағы коммуникация және медиа бойынша IV Форум өтті. Форум аясында ғалымдар цифрлық технологияларды дамыту, эмпатиялық коммуникация және өңірлік серіктестікті нығайту мәселелерін талқылады.

Азия елдерінің құндылықтары мен философиясы ретінде бейбітшілік, ынтымақтастық, ашықтық пен инклюзивті білім басты назарға алынды. Форум аясында ғалымдар 2027 жылға жоспарланған «Қытай – Орталық Азия» III саммиті қарсаңында өңірлік ынтымақтастық, цифрлық технологиялар, жасанды интеллект дәуіріндегі журналистік білім және азиялық бейбітшілік пен инклюзивтілік құндылықтар кеңінен талқыланды.

Ғалымдар тарихта ел арасын жалғап отырған Жібек жолы бүгінде заманауи коммуникативті мәдениет

қалыптастырудың символы деп атап өтті.

Форумда Қазақстан ғалымдары атынан Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің зерттеуші профессоры, саяси ғылымдар докторы Гүлмира Сұлтанбаева «Дезинформациямен күрес әдістері» тақырыбында баяндама жасады. Қазақстандық ғалым ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің гранттық қаржыландыру жобасы нәтижесінде орындалған зерттеулерге тоқталды. Жалған ақпаратпен күресу мен оның алдын алудың цифрлық моделін таныстырды. Аталмыш мо-

дель көп тілді ортадағы ақпараттық ағынға мониторинг жүргізіп, сүзгіден өткізуде өңдеу алгоритмдері мен нейрожелілерді пайдалану тәсілін ұсынады. Сондай-ақ бұл ресурс ЮНЕСКО стандарттарына сәйкес медиа сауатқа үйретеді. Тұжырымдаманың практикалық көрінісі ретінде RasInfo.kz платформасын таныстырып өтті.

Шыңжаң университеті Журналистика және коммуникация мектебінің профессоры Ван Фэйдің «АҚШ-тың Орталық Азиядағы медиа-көмегі: институттық экспорт, медиалық трансформация және геосаяси бәсекелестік» атты баяндамасы ерекше назар аударуға тұрарлық. АҚШ-тың Орталық Азия елдеріндегі медиа саласын қолдап, ондаған жыл бойы қаржыландыру бағдарламалары болды. Сондықтан Қытай Үкіметінің де АҚШ-тың осынау медиа ықпалына



алаңдайтыны бар. Бұл тақырыпты ғалымдар тобы ары қарай тереңдете зерттейтінін аңғартты.

Орталық Азияның медиа экожүйесі ұлттық ерекшелігімен, өңірлік бірегейлігімен, сырттан қолдау көрсететін күштердің саясатымен дамып отыр. Үрімжі бұл жолы Солтүстік-Батыс Қытайдан бастап Орталық Қытай журналистикасы мектептері декандарымен қатар, Қазақстан, Өзбекстан, Кыргызстан, Таиланд және Ресейдің коммуникация саласындағы медиасарапшылар мен ғалымдарының басын қосты.

Профессор Гүлмира Сұлтанбаева Ухань университетіндегі Журналистика және коммуникация факультетінің деканы, профессор Ву Шивэнь мен Шыңжаң университеті Журналистика және коммуникация

факультетінің деканы, профессор Цзинь Юйпинге ғылыми еңбектерін сыйлады. Сондай-ақ кітапхана қорына табысталған еңбектер Қазақстан атынан интеллектуалды мұра болары сөзсіз.

Форумда журналистік білім беруде халықаралық академиялық ынтымақтастыққа ерекше мән берілді. Ғалымдар оқу бағдарламаларын жасанды интеллект дәуіріне бейімдеу, бірлескен зерттеулер және БҰҰ Тұрақты даму мақсаттары аясында медиажобаларды жүзеге асыру мәселелерін талқылады. Көрші елдердің академиялық татулығын нығайту және медиа кеңістігін дамытудың сараптамалық алаңын қалыптастыру – ғылыми шараның нәтижесі саналды.

Т.ИБАШЕВА,
«Заң газеті»

ЖАРНАМА

ӘРТҮРЛІ

5. Астана қаласы, А.Кравцов көшесі, 6 мекенжайында орналасқан «Кредит Сервис Ломбард» ЖШС күн сайын жұмыс күндері (дүйсенбі-жұма) сағат 10.00-де сатып алынбаған кепіл мүлкінің сауда-саттығы өткізілетінін хабарлайды. Анықтамалар үшін телефоны: +7 702 321 86 86. Лип. 01.21.0009Л.

9. «Бейнеу Дарын мектебі» ЖШС (БСН 250340020520) құрылтайшының жарғылық капиталын азайтатынын хабарлайды. Арыз-шағымдарды хабарлама жарияланған күннен бастап бір ай уақыт аралығында келесі мекенжай бойынша қабылдайды: Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, М.Хибас көшесі, 7-үй, 14-пәтер. Тел. 87085788515.

10. Қарағанды облысының Шахтинск қалалық соты Қарағанды облысы, Шахтинск қаласы, Жеңістің 40 жылдығы атындағы көшесі, 60-үй, 71-пәтер мекенжайында тұратын Лариса Николаевна Аброськинаның 19.08.1964 жылы туған Александр Ильич Аброськинді хабар-ошарсыз кеткен деп тану туралы арызы бойынша азаматтық іс қозғады. Соңғы тұрғылықты жері: Қарағанды облысы, Шахтинск қаласы, Жеңістің 40 жылдығы атындағы көшесі, 60-үй, 71-пәтер. Соңғы жұмыс орны: «Қарағандыкөмір» өндірістік бірлестігінің «Долинская» шахтасы. Александр Ильич Аброськиннің қазіргі мекенжайы туралы мәліметті білетін адамдардан хабарландыру жарияланған күннен бастап үш ай мерзім ішінде бұл туралы сотқа хабарлауды сұраймыз.

11. Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасының жанындағы «№2 көпбейінді облыстық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы МКК (БСН 950340000720) өзіне Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасының жанындағы «Қосшы қаласының №1 қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы МКК (БСН 220840037796) ұйымдастырылу жолымен қосу арқылы қайта құрылатынын хабарлайды. Талаптары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Ақмол ауылдық округі, Ақмол ауылы, 3-шағынаудан, 1А құрылыс.

15. «Кредитное товарищество «Ауыл-несие» ЖШС (БСН 150140002168) Жарғылық капиталының 153 898 800 теңгеге дейін төмендегенін хабарлайды. Осы хабарлама жарияланған күннен бастап бір ай ішінде барлық талаптар Шымкент қаласы, Ерімбетов көшесі, 304Г ғимараты, ЗАҢҒАР бизнес орталығы, 4-этаж, 403-кабинет, мекенжай бойынша қабылданады.

МҰРАГЕРЛІК

2. 28.03.2025 ж. қайтыс болған Қалқұлова Меруерт Төлепбергынқызының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ғ.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5-ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

3. 22 шілде 2024 ж. қайтыс болған Курманбаев Азамат Жомартовичтің артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлер Қызылорда қаласы, Мұратбаев көшесі, 18/66 мекенжайында орналасқан нотариус Л.С.Суйеубаеваға хабарласуы қажет. Тел. 8 778 000 27 27.

6. 08.02.2026 жылы қайтыс болған Байтұрсынов Бейсенбай Әлжанұлының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Г.Д.Палымбетоваға келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, С.Сейфуллин көшесі, нөмерсіз. Тел. 8 702 819 64 73.

16. 2026 жылдың 27 наурызында қайтыс болған Каиргалиев Сагиндах Сагингалиевичтің артынан Атырау нотариалдық аймағының нотариусы Камзағалиева Роза Тлеккабыловнада мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мұраны қабылдау үшін төмендегі мекенжайға хабарласулары сұралады: Атырау қаласы, Мұса Баймұханов көшесі, 41А үй, тұрғын емес бөлме 16, тел. 8(701) 222 7274.

БАНКРОТТЫҚ

14. Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2026 жылғы 24 шілдедегі ұйғарымымен «SM Servis Trade» ЖШС-нің (БСН 170240019586) банкроттығы туралы іс бойынша іс жүргізу қозғалды.

ТАРАТУ

4. «Лион и Таурус» ЖШС (БСН 200640034354) (Ақтау қаласы, 15-шағынауданы, 45-үй, 34-пәтер), өзінің таратылатынын хабарлайды. Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақтау қаласы, 25 шағынауданы, 65-ғимарат, 1-кеңсе. Тел. 8 701 246 56 40.

7. «ОКНА-2000» ЖШС (БСН 080240003808) (ҚР, Көкшетау қаласы, Әуелбекова көшесі, 117-үй) өзінің таратылатынын хабарлайды. Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Көкшетау қаласы, Пушкина көшесі, 31/2. Тел. 8 777 789 95 46.

8. «Луч» бау-бақша серіктестігі» тұтыну кооперативі (БСН 041240015103) жалпы жиналыстың 2026 жылғы 25 шілде №1 хаттамасы негізінде ерікті түрде таратылатынын хабарлайды. Кредиторлардың талаптары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы облысы, Талғар ауданы, Бесаташ ауылдық округі, Б/У көш., Б/Н үй. Тел. 87759658087.

12. «Almaty Global Group» ЖШС (БСН 190540006797) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы облысы, Қарасай ауданы, Ұмтыл ауылдық округі, Жалпақсай ауылы, Абай көшесі, 53-үй.

13. «English Cake (Энглиш кейк)» ЖШС (БСН 221140013855) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Ө.Сембинов көшесі, 24-ғимарат, 511-пәтер, индекс 010000, тел. +7 (747) 114-67-57.

17. «Алтын-Жолы» ЖШС (БСН 991240006726) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, ШҚО, Глубоков ауданы, Быструха ауылы, Молодежный көшесі, 3-үй, 2-пәтер. Тел. 8 777 249 35 65.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.:
8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Profy Agency kz» ЖК
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83,
8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99
Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 60,
509-кеңсе. e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«Media page kz» ЖК Алматы қаласы, Ақтолық 45 көшесі, 2-қабат, 3-кабинет. zangazet.kz, Телефон/WhatsApp: 8 707 388 40 80.

Дүйсенбек ЖК, Алматы қаласы, телефон/WhatsApp +7 708 027 4270
e-mail: infogazet.kz@gmail.com, www.infogazet.kz

«KAİROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек Жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесі, ТЦ Алма,

4-қабат, Көк базар ауданы, тел: 8 777 378 5813, 8 707 705 9222. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыру What'sApp арқылы қабылданады.

«Gold Capital» ЖК Астана қаласы, Абай көшесі, 78, 105-кеңсе, Тел. 8(7172) 52-02-11, 8702 839-90-86.

«Реклама» ЖШС, Орал қаласы, Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел. 8 (7112) 50-47-34

«Озат-1» ЖШС Ақтөбе қаласы, Алтынсарин көшесі, 14 «А», 4-кабинет. Тел. 87774348344, Ақтау қаласында да қабылдау жүреді.

Аюбаева ЖК, Қарағанды қаласы, Жамбыл көшесі, 11. Тел. 8(7212) 42-00-71

Михеева Ольга Станиславовна ЖК Қостанай қаласы, Шевченко көшесі, 126, 2 -қабат. Email: gazeta2612@mail.ru. Тел. 8(7142) 54-97-06, сот. 8-777-337-36-81, 8-701-350-69-18

Гавриленко И.И. ЖК Қостанай қаласы, әл-

Фараби даңғылы, 119-үй, 407 А кабинет. Тел. / факс 8(7142) 53-63-21

«Регистр» ЖК Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85-үй, 215-кабинет. Тел. 8-701-893-48-85, 8(7162) 25-77-17, 8(747)809-70-74

Калиаскаров Нурлан Нургисинвич ЖК, Петропавл қаласы, К. Сутюшева көшесі, 58, 30 кабинеті 3-қабат. Тел. : 8(7152) 46-02-57, сот. 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59

«С. Тажибаева» ЖК Тараз қаласы, Қойкелді көшесі, 158а, ЦОН аумағы. Тел.: сот 8-7017268772, 87054422939

«Версия-Пресс» ЖШС Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40. Тел. : 8(7182) 32-47-67, 32-49-04

Выдай ЖК, Өскемен қаласы, М. Горький көшесі, 60, тел. 8(7232)57-84-14, 8-777-225-65-06

«Фирма Назар-1» (РА «РУТА») ЖШС директор: Кривилова Татьяна Ивановна Шымкент

қаласы, Г. Ильяева көшесі, 47, RBK банк маңы тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar. reklama@gmail. com

Г. БАКИРОВА ЖК, Шымкент қаласы, Желтоқсан көшесі, 1-ғимарат, Заң департаменті маңы. Тел.: 87057145877

NOVA ЖК, Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі,18, 4-қабат, 405-кабинет, тел. 87477260960

Сана ЖК Талдықорған қаласы, Еркін ауылы, Кемерашы көшесі, 59, тел. 87058147221

Регистр ЖК, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85, 215 кабинет, тел. 87018934885

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС, Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 28, тел. 8(7112) 50-88-05

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40, тел. + 7 701 530 34 03; +7 702 210 67 33.

БАЙҚАУҒА!

Түн. Айнала жым-жырт тыныштыққа көмілген. Аспандағы жалғыз ай күміс саулесін жер бетіне үнсіз төгіп тұр. Жол бойындағы ағаштар да селт етпейді. Әшейінде түн тыныштығын сыбдырымен бұзып тұратын жапырақтардың өзі демін ішіне тартып қалғандай. Сірә, олардың да үні желге ғана тәуелді болса керек. Жел болмаса – үн жоқ. Қозғалыс жоқ. Тіршілік те жоқ секілді.

Қара жол жиегінде сұлқ жатқан адам да қимылсыз. Тірі ме? Әлде... Мұндайда тыныштықтың өзі қорқы-нышты еді.

Ай саулесі жерде жатқан жаңағы адамның үстіне түсті. Жалбыраған шашынан оның әйел адам екенін білу оңай. Үстіндегі киімінің сау тамтығы жоқ. Жыр-тылған. Киіміндегі баттасқан лайдан матасының бастапқы түсін ажырату мүмкін емес. Бетінің бір жағы қанға былғанған. Көзіне жаққан қара бояу ағып, бетін жапқан. Дәл сол сәтте баяу самал соқты. Жапырақтар сыбдыр қағып, ағаштар қайта тірілгендей қозғала жөнелді. Ай саулесі олардың арасынан жылт-жылт етеді.

Бір кезде жерде жатқан адамнан бәсең ғана ыңыр-сыған дыбыс шықты. Ол тірі екен. Діріл қаққан қолын әрең көтеріп, қалтасындағы телефонды алмақ болды. Бірақ жаралы қолы оған бағынар емес, қолы дірілдеп барып, жерге сылқ ете түсті.

Ол көзін жұмып, ауыр тыныс алды. Кеудесі сырылдап жатыр. Біраздан соң қайта талпынды. Бұл жолы бар күшін жинап, қолын телефонына қарай жылжытты. Саусақтары телефонының шетіне әрең ілінді. Бірақ тағы да телефонын қолына ала алмады. Ол берілуге болмай-тынын түсініп, барын салып, талпынуда. Соңғы күшін жинап, тағы ұмтылды. Ақыры дірілдеген саусақтары телефонға жетті-ау!

Қолына алған сәтте экраны әлсіз ғана жанып-өшіп тұрды. Қуаты таусылар шақ. Бетіндегі әйнегі шытынап кетіпті. Телефоннан бір нөмірді теріп, құлағына әрең жеткізіп, тыңдап тұрды. Ұзақ қоңырау... Тағы... Тағы... Бірақ ешкім жауап бермеді. Түн бұрынғыдан бетер қоюланып кеткендей болды. Оның дем алысы жиілеп, саусақтары мұздай бастады. Әр секунд сайын үміті де алыстап бара жатқандай еді. Қараңғы түннен қорқып тұрғаны да белгілі. «Жауап берші...» – деді ол әрең сыбырлап.

Тағы қоңырау шалмақ болып еді, экран жыпылықтап телефоны сөніп қалды. Қап-қара түн қайтадан бәрін жұтып қойғандай болды. Самал жел де сап тыйылып, сыбдыр қаққан жапырақтар да қайтадан үнсіздік құшағына сіңіп кетті. Жаңа ғана тіршілік белгісіндей сезілген әлсіз дыбыстардың бәрі бір сәтте жоғалып, айналаны қайтадан меңіреу тыныштық басты. Тек қараңғылық қана қалындай түскендей еді. Әлгі адамның ыңырысқан нәзік үні ғана түн қойнауына біртіндеп сіңіп бара жатты...

Сол түні қалалық полиция департаментінің кезекші бөліміне шұғыл хабар түсті.
– Алло! Жедел басқарма тыңдап тұр.
– Мен... мен әйелімді таба алмай жатырмын...
– Сабыр сақтаныз. Аты-жөніңіз?
– Нұрлан Сейітов.
– Жұбайыңыз қашаннан бері жоқ? Есімі кім?
– Жанар Сейітова. Кешкі сағат тоғыздар шамасында үйден шығып кеткен. Содан оралмады.
– Туыстарыңызбен не құрбыларымен хабарлас-тыңыз ба?
– Иә, ешқайда бармаған.
Кезекші қажетті мәліметтерді жазып алып, хабарла-маны жедел тергеу тобына жолдады. Түнгі сағат 02:17. Бұл істің материалдары бірден Қалалық полиция департаменті Тергеу басқармасының бастығы, полиция полковнигі Абылай Қайсеновтің үстеліне қойылды.
Таңғы сағат жеті. Абылай үйінің ауласында жат-тығуын аяқтап, қолындағы сүлгімен мандай терін сұрт-ті. Үйдің есігі ашылып, жұбайы Айша шығып:
– Қымбаттым, таңғы асың дайын, – деді.
– Қазір барамын.
Айша оның жүзіне қарап, бір жағдай болғанын бір-ден сезе қойды.
– Бірдене болды ма?
– Әйел адам жоғалыпты, – деп Абылай қысқа ғана жауап берді.
Айша күйеуінің жанарынан істің ауыр не жеңіл екенін бірден ажырата алатын.
– Тірі шығар? – деп Айша ақырын ғана күбірледі.
Абылай Айшаға жауап бермеген күйі, үнсіз та-мактанып отыра берді.

Қаланың шығыс бөлігіндегі екі қабатты үйдің маңы-на полиция көлігі тоқтағанда, аулаға біраз адам жина-лып қалыпты. Бірі күбірлесіп тұр, бірі қақпаға телміріп қарайды. Қызығушылық пен үрей араласқан жүздер.

Полковник Абылай көліктен асықпай түсіп, жан-жағына барлай көз жүгіртіп алды.

– Қайырлы таң, полковник! – деп капитан Ерлан Әмір алдынан шықты.
– Жағдай қалай?
– Әйелі әлі табылған жоқ.
– Жақсы.

Абылай қақпадан кірер алдында бір сәт аялдап қал-ды. Ол аулаға емес, көшеге қарады. Жанбырдан кейінгі асфальт әлдеқашан кеуіп қалған. Бірақ қақпаның дәл алдында жеңіл көліктің доңғалақ ізі анық көрінеді.

– Бұл көлік кімдікі?
– Нұрландікі.
– Қашан шыққан?
– Түнгі бір жарым шамасында. Әйелін іздеуге шыққанын айтты.

Абылай ештеңе демеді. Үйге кіргенде оны орта жастағы ер адам қарсы алды. Көзінің асты ісіңкі. Шашы ұйпа-тұйпа. Ұйықтамағаны көрініп тұр.

– Мен... Нұрланмын. Сейітов.
– Полковник Абылай Қайсенов.
Екеуі қол алысты. Абылайдың қолы нық еді. Ал Нұрланның алақаны мұздай болып тұрды.
– Қатты уайымдап тұрсыз ба?
– Әрине! Жұбайымнан түннен бері хабар жоқ.
– Соңғы рет қашан көрдіңіз?
– Кеше кешкі тоғыздар шамасында.
– Қайда кетті?
– Дүкенге.
– Қай дүкенге? – деп Абылай Нұрланның жүзіне үңіле түсті.

Нұрлан сәл кідіріп қалып:
– Бұрыштағы маркетке, – деді дереу.
– Не алмақ болды?
– Нан.
– Тағы?
– Білмеймін.
– Өзіңіз бірге баруды ұсынбадыңыз ба?
– Жок... Әрдайым өзі барып-келіп жүретін.
Абылай үнсіз басын изеп:
– Бұл жолы қайтып келмеді ме?
– Жок... Келмеді, – деді Нұрлан кібірігтеп.

Абылай аяңдап, үйді аралай бастады. Қонақ бөлме. Ас үй. Балалардың бөлмесі. Барлығы тап-тұйнақтай. Тек қонақ бөлмесіндегі мәрмәр үстелдің бұрышы ғана оның назарын аударды. Үстелдің өткір қырында өте кішкентай сызаттың ізі байқалады. Абылай еңкейіп қарады.

– Мына үстел бұрыннан осында тұра ма?

СОҢҒЫ ҚОҢЫРАУ



– Иә.
– Жылжыттыңыз ба?
– Жок.
– Кеше ше?
– Жок...

Абылай қалтасынан шамын шығарып, үстелдің кы-рына жарық түсірді. Ақ мәрмәрдің арасынан көзге әрең көрінетін қызғылт дақ байқалды.

– Капитан!
– Иә, полковник.
– Криминалистерді шақыр, – деді ол сенімді түрде.
Нұрлан мазасыздана бастады. Ол іле-шала:
– Не болды? – деді көздерін алақатып.
– Әзірге ештеңе, – деді Абылай сабырлықпен.
– Бірақ... сіздер...
– Біз тек үйді қарап жатырмыз. Алаңдамаңыз.
– Балаларыңыз қайда кеткен?
– Әжесінің үйінде. Демалыс кезінде әжесі алып кетеді.

– Бізге әйеліңіздің жоғалуына себеп болар ештеңе айтпайсыз ба?
– Жок...
– Жақсы. Әзірге біз де сізге кесіп ештеңе айта алмай-мыз. Байланыстамыз. Егер есіңізге тың деректер түссе, хабарласыңыз, – деп Абылай сыртқа шығып кетті.
Үйдің қақпасынан шығар кезде көрші ауладан егде жастағы әйел Абылайға жақындап келіп:
– Балам..., – деді ақырын ғана. Біреу естіп қоймасын дегендей жан-жағына алақтап қарап қояды.
– Иә, апа, – деді Абылай әжейге қарап, тыңдап тұрмын.

– Кеше кешкісін осы үйде ұрыс-керіс болды. Да-уыстары қатты шығып жатқан. Енді Жанар жоғалыпты дегенді естіп, ойланып қалдым.

– Рақмет, әжей. Мұны іс барысында ескереміз. Сізге рақмет.

Көлікке отырған соң капитан Ерлан үнсіздікті бұзды.
– Полковник, сіздің ойыңызша, бұл жоғалу ма, әлде қылмыс па?

Абылай жолға қадала қарап отырып, біраз уақыттан кейін ғана:

– Мені бір нәрсе мазалап тұр, – деді терең күрсініп.
– Не нәрсе?
– Нұрлан әйелінің қай дүкенге кеткенін айтты.
– Иә.
– Нан алуға шыққанын да айтты.
– Сонымен?
– Бірақ ..., – деп Абылайдың жүзі салмактанып кет-ті. – Ол бірдеңені жасырып тұрған сияқты. Сөзін толық аяқтамай тұр.

Ерлан аң-таң болып қалды. Көзін аударып, төң-керіп:

– Ол маңызды ма? – деді қулана.
– Ол өтірік айтып тұр...

Тергеу бөліміне оралған соң Абылай кабинетіне ешкімді кіргізген жоқ. Үстел үстіне жиналған құжат-тарды бір-бірлеп жайып шықты. Жоғалғаны туралы арыз. Көршілердің алғашқы жауабы. Кезекші бөлімнің хаттамасы. Бәрі бір-біріне сай келетіндей көрінеді. Бірақ тәжірибелі тергеушіні дәл осындай «мінсіздік» әрдайым күмәндандыратын.

Кабинетке капитан Ерлан кіріп келді. Ол нық сөйлеп:
– Полковник мырза, көршілерден қайта жауап ал-дық, – деді.
– Не дейді?
– Барлығы бірдей дерлік жауап беріп отыр. Кешкі сағат тоғыз шамасында ерлі-зайыптылардың сөзге келіп қалғанын естіген.

– Жанжал қанша уақытқа созылған?
– Шамамен жеті минут.
Абылайдың қолындағы қалам тоқтап қалды.
– Жеті минут?
– Иә.

– Өзіңіз бірге баруды ұсынбадыңыз ба?
– Жок... Әрдайым өзі барып-келіп жүретін.
Абылай үнсіз басын изеп:
– Бұл жолы қайтып келмеді ме?
– Иә.

Абылай креслосына шалқайып отыра кетіп:
– Қызық, – деп терең күрсінді.
– Несі қызық?
– Бір көшеде тұратын төрт көрші уақытты секундтап өлшеп отырғандай бірдей жауап беріп отыр екен ғой?
Ерлан түсінбей қалды. Қабағын түйіп:
– Сонда?
– Адамның жады дәл болмайды, капитан. Бірі «бес

СОҢҒЫ ҚОҢЫРАУ



минуттай» дейді, бірі «он минуттай» дейді. Ал бәрі бір-дей «жеті минут» десе, мұнда бір гәп бар.
– Демек... – деп капитан одан әрі тандана түсті.
– Демек, біреу айтып берген әңгімені өзгелері қай-талап отыр.
Ерлан ойланып қалды.
– Яғни, олар алдын ала сөйлесіп алған дейсіз бе?
– Жок.
– Онда?
– Біреу олардың есіне уақытты салып қойған.

Сол күні түстен кейін Абылай көршілердің бірін жеке шақыртты. Зейнеткер Қали ақсақалдың кабинетке кірген бойда қобалжып отырғаны байқалды.

– Амансыз ба, ата?
– Аманбыз.
– Шай ішесіз бе?
– Рақмет. Ішпеймін.
Абылай бірден тергеуге көшпеді. Әуелі ауа райын сұрады. Немерелері туралы әңгімелесті. Сосын ғана:
– Кеше кешкі жанжал туралы айтып беріңізші, – деді кенет.

Ақсақал асықпай баяндап шықты. Абылай үнсіз тыңдап отырды.

– Жеті минуттай айқай болды ма?
– Иә, дәл солай.
– Сағатқа қарадыңыз ба?
Ақсақал тосылып қалды.
– Жок, қарамадым.
– Онда жеті минут екенін қайдан білдіңіз?
Қария үндемей қалды. Бірнеше секундтан кейін ғана ол ауыр күрсініп:
– Расын айтайын ба, балам?
– Сол үшін отырмыз, ата.
– Түнде Нұрланның өзі келді.
Капитан Ерлан орнынан қозғалақтап, ақсақалды мұқият тыңдауға ыңғайлана түсті.

– Не деді?
– «Полицейлер сұраса, ұрыс жеті минутқа ғана со-зылды деңіз. Әйелім ашуланып, үйден шығып кетті. Не істерімді білмей тұрмын», – деді.
– Неге бірден айтадыңыз?
– Енді, балам, көрші ғой. Отбасы аман болса екен дедім.

Абылай қарияға алғыс айтып, кабинетінен шығарып салды. Есік жабыла салысымен Ерлан қуанып кетіп:
– Полковник! Болды! Енді Нұрланды ұстаймыз! Бұл істі ерте жауып тастайтын болдық, – деді екі алақанын ысықап.

Абылай басын шайқап: «Әлі ерте» – деді.

– Бірақ, полковник, ол куәлардың жауабына ара-ласқан ғой? Бұл жеткіліксіз бе?
– Жеткіліксіз, – деді Абылай терең ойға батып.
Ерлан үнсіз қалды. Абылай орнынан тұрып, қабы-рғадағы тақтаға үлкен әріппен үш сөз жазды: Өтірік. Қорқыныш. Себеп.
– Мына үшеуі қосылған жерде ғана қылмыс болады, капитан.
– Ал бізде әзірше...
– Бізде әзірше өтірік қана бар.
– Полковник мырза! – деді криминалистің толққан дауысы телефонның арғы жағынан. – Мәрмәр үстелден табылған дақтың сараптамасы дайын болды.

Абылайдың жүзі бірден өзгерді.
– Не шықты?
– Ол – адамның қаны.
Абылай телефон тұтқасын жайлап орнына қойды. Капитан оның жүзіне үнсіз қарап отырды.
– Не болды? – деді ол ақырын ғана.
– Үстелдің қырынан табылған дақ, – деп бір сәт үн-сіз қалды. — Адамның қаны болып шықты.
Ерлан қабағын түйіп:
– Жанардікі ме?
– Әзірге белгісіз. ДНК сараптамасы ертең дайын болады.

Түнгі он бір жарым. Тергеу тобы тағы да Нұрлан-ның үйінде жүр. Криминалистер әр сантиметрді қайта қарап жатыр. Абылай үнсіз ғана қонақ бөлмені айналып шықты. Ол мәрмәр үстелдің жанына тоқтады. Қан та-былған жерге ұзақ қарады.

– Ерлан?
– Иә, полковник.
– Мына үстелді ешкім қозғамасын.
– Жақсы.
– Ал мына кілемді абайлап көтеріңдер.
Кілем шеті жайлап қайырылды. Астындағы паркет-тің бір жері көзге бірден түсті. Қалған ағаш еден күңгірт тартқан. Ал дәл үстелдің астындағы тақтайдың түсі өзгеше. Сәл ғана ашық.
– Мұнда не болған? – деді Абылай.
Криминалист еңкейіп қарады.
– Жуылған сияқты.
Арнайы шамның көк саулесі паркетке түскенде көз-ге көрінбейтін бірнеше ұсақ дақ жарқырап шыға келді.
– Тағы да қан.
Ерлан еріксіз күрсінді.
– Демек...
– Асықпа, – деді Абылай.
– Бірақ екі жерден қан табылды ғой.
– Қанның болуы адам өлтірілгенін білдірмейді.
– Онда?
– Біреу жарақат алғанын ғана білдіреді.
Нұрлан оларды үнсіз бақылап тұрды. Қолдары қал-тырай бастаған. Абылай оған жақындап:
– Үстелді қашан сатып алдыңыз? – деді сал-мақтылықпен.

– Былтыр, – деді Нұрлан сасқалақтап.
– Әйеліңіз таңдады ма?
– Иә.
Абылай басын изеп:
– Әдемі үстел екен, – деді.
Нұрлан алғаш рет сәл жымыып:
– Жанар мәрмәрді жақсы көретін, – деді көзіне жас үйіріліп.
– Солай ма?
– Иә.
– Онда неге үстелдің бұрышындағы жарықты ешқа-шан жөндетпедіңіз?
Нұрлан селк ете қалды.
– Қандай жарық?
– Мынау.

Абылай шамын түсірді. Мәрмәрдің қырында өте жіңішке жарықшақ созылып жатыр. Кәдімгі көзбен қарасаң байқалмайды.

– Бұны байқамаппын. Бірақ кеше Жанар аспашамды жуам деп, шелегі құлап, қолын әйнек кесіп кеткенін айтқан.

– Рас па?
– Иә.
Абылай үндемеді. Бірақ оның көзі Нұрланда.Үйден шыққан соң Ерлан шыдай алмай:
– Полковник, жарықшақтың қандай маңызы бар? – деп сұрады.

Абылай көлікке мінбей тұрып:
– Мәрмәр өте қатты тас. Оны мұндай етіп жару үшін қатты соққы керек, – деп жауап берді.
– Демек, үстелге ауыр зат тиген ғой?
– Немесе... Адам құлаған, – деді Абылай.
– Егер адам дәл осы бұрышқа басымен соғылса... Онда қанның қайдан шыққаны түсінікті болады, – деп капитанның жүрегі дүрісілдеп кетті. – Сонда Жанар... – деп Ерлан сөзін жалғастыра бергені сол еді, Абылай: «Жок!» деп оның ойын шорт кесті.

– Неге? – деп Ерлан күйініп кетті. – Айғақ қолымызда.

Неге Нұрланды ұстамаймыз?
– Біз әлі ештеңе білмейміз.
– Бірақ...

– Тергеушінің ең үлкен қателігі – болжамын шын-дық деп қабылдауы.
Осы сәтте криминалист жүгіріп келді.
– Полковник!
– Не болды?
– Сарапханадан шұғыл хабар келді.
– Айта бер.
– Мәрмәр үстелдегі де, паркеттегі де қан... – деп ол бір сәт демін ішіне тартты. – ол ...бір адамдікі.

– Жанардікі ме?
– Иә.

(Жалғасы келесі санда)
Ғайша Мұқаш

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор
Айнұр СЕМБАЕВА
Бас редактордың орынбасары
Шолпан ҚАРАЕВА
Немірдің кезекші редакторы
Ерлік КЕБЕКБАЙ

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:
Астана Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі: 8 708 929 9874, zanmedia.kz

E-mail: zanreklama@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6408 дана
Апталық таралым 12816 дана

Тапсырыс № 113 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қантарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпо-рация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8 (727) 51-78-31